

Ынтымақтастық дамуға бастайды

3-бет



Қоғам мен билік: түсіністікке жол

4-бет



Алты құрлықтың аламанына айналғалы тұр

8-бет



1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

ORTALYQ QAZAQSTAN

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТИ

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz/

СЕЙСЕНБІ, 3 ҚЫРКҮЙЕК, 2024 ЖЫЛ №98 (23 420)

www.facebook.com/ortalyq.kz/ info@ortalyq.kz

Жолдау: жобалар пысықталып, міндеттер айқындалды

Елдің әлеуметтік-экономикалық ахуалын таразыға тартып, алдағы міндеттер мен межелер айқындала түсетін Президент Жолдауы жыл сайын қыркүйектің алғашқы жұлдызында жария етілуі дәстүрге айналған. Биыл да Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арналған «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Жолдауы жұртшылыққа жол тартты. Парламент палаталарының бірлескен отырысында Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа Жолдауын жария етті. Жолдауда еліміздің саяси және әлеуметтік-экономикалық даму келешегімен байланысты маңызды мәселелер қамтылғанын атап өткен жөн. Жаңа Жолдау көтерген жүк жеңіл емес.

қылмыстың алдын алуға арналған заң қабылданды. Дегенмен де, Мемлекет басшысы арқаны кеңге салуға болмайтынын, алдымызда әлі талай ауқымды жұмыс тұрғанын айтты.

– Қазір көптеген азаматтың мойнында бірнеше несие бар екені жасырын емес. Бұл – өте өзекті мәселе, қоғамдық қатер десек те болады. Сондықтан, осы бағытта арнайы заңдар қабылданды. Халықтың әл-ауқатын жақсартуға септігі тиетін басқа да көптеген шара қолға алынды. Сіздер бұл жұмыспен тікелей айналысып, халықпен әрдайым тығыз байланыста болдыңыздар. Мұның бәрі «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидасын орнықтыруға ықпал ететіні сөзсіз. Табанды еңбектеріңіз үшін баршаңызға ризашылығымды білдіремін. Дегенмен, арқаны кеңге салуға болмайды. Әлі де атқаратын шаруа көп, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында елімізді әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан одан әрі дамытудың тоғыз бағытын белгілеп берді. Оның қатарында, ақша-несие саясаты мен фискалды саясаттың арасындағы үйлесімсіздікті жою, инвестициялық ахуалды және бизнес жүргізуге қажетті жағдайды жақсарту назарға алынды. Сонымен бірге, өнеркәсіп әлеуетін толық пайдалану, инфрақұрылымға қатысты өзекті мәселелер, еліміздің кадрлық әлеуеті, ұлт денсаулығы, халықты әлеуметтік қолдау жүйесі де кеңінен қозғалды. Елдің экологиялық ахуалы, қоршаған ортаны қорғаудың мән-маңызы, мемлекеттік басқару ісінің тиімділігі, қоғамда заң мен тәртіп идеологиясын терең орнықтыруды көздейтін көптеген бастаманы ортаға салды.

➤ 2-бет

• ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ – ЕЛ МҮДДЕСІ

Әділетті қоғамның әлеуметтік бағдары

Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім және қоғамдық оптимизм» атты былығы Жолдауын аса жоғары ыждаһатпен күтіп, ыстық ықыласпен қабылдадым. Өйткені, мен елімнің ертеңіне бейжай қарай алмаймын.

Мемлекет басшысының бұл жолғы Жолдауына әдеттегідей өзінің бұған дейінгі Жолдаулары мен сайлауалды бағдарламасында қамтылған міндеттер мен реформаларды одан әрі жетілдіруге бағытталды. Қазақстандық қоғам асыға күткен Жолдаудың бұл мазмұны жүйелі дамудың даңғыл жолын айғақтап тұр.

Сонымен, ел Президенті бүгінгі бастамаларында әділетті қоғамның әлеуметтік әлеуетін арттыру мақсатындағы ең маңызды деген тоғыз бағытты салмақтай отырып, сол бағыттар бойынша Үкімет пен әкімдерге нақты тапсырмалар жүктелді. Барлығы да – халықтың арманымен астасып жатқан асулар, дамудың қисынды жолы, өткеннің өкінішті сәттерінің сабағы. Бір сөзбен айтқанда, көктем алынған, көптен алшақ тұрған ештеңе жоқ.

Тұтас қоғам мен азаматтар және тарих пен ертенгі болашақ алдындағы жауапкершілігін есте естен шығарып көрмеген Мемлекет басшысы ел дамуының өткен бес жылдағы белестеріне шолу жасай отырып, жаңа дәуір талаптары мен әлемдік геосаяси сын-қатерлер туралы ордалы ойларын ортаға салды. «Біз қабылдаған әрбір шешім мен әрбір жоба қарапайым халық үшін барынша тиімді болуы тиіс» деп ой сабақтаған Қасым-Жомарт Кемелұлының Жолдауда қамтылған әрбір бастамасы экономика халық тұрмысына қызмет етуі керек деген тұжырыммен түйінделіп жатты. Барлық тоғыз бағытты да түйіні осы мазмұнда өрбіді.

Әрине, баянсыз бастамалар мен ұшқары ұстанымдардан қарапайым халық зардап шегеді. Мұндай кемшіліктер бізде жоқ емес. Бюджеттің кіріс бөлігі тиянақталмай жатып, шығыс көлемінің шектен тыс ұлғайып кетуі мемлекет қаржысын орасан ысырапқа ұшыратып жатқаны да жасырын емес. Осындай келеңсіздіктерді өткіріп алынған ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы:

– Мемлекет қаржысының тұрақтылығын қамтамасыз етудің бірден-бір жолы – көрпеге қарай көсілу. Сондықтан бюджет қаражатын стратегиялық маңызы жоқ, аса шұғыл емес шаруаларға оңды-солды шашуды доғару керек, – деді. Орынды талап, орнықты ұстаным!

Еліміз үшін экономикалық өсімінің аса маңызды екені баршаңызға белгілі. Осы мәселеге ерекше тоқталған ел Президенті өнеркәсіп саласын дамы-



ту, экономикадағы отандық өнім үлесін арттыру мәселелеріне тоқтала келіп, дәл осы салаға қатысты Қарағанды облысының тәжірибесін тілге тиек етті.

– Мен жүйре Қарағанды облысында болдым. Сол кезде «Qarmet» металлургия комбинатына бардым. Отандық инвестор келген соң, ондағы ахуал едәуір тұрақталды. Кәсіпорын жаңғыртыла бастады. Бұл қадам өндірілетін өнім көлемін айтарлықтай арттыруға тиіс. Саран қаласының экономикасын әртарапандыру жұмысы жүргізіліп жатыр. Онда автокөлік доңғалағын және тұрмыстық техника шығаратын өндірістер іске қосылды. Соның арқасында бұл елдімекен монокалалар санатынан шығарылды. Басқа да монокалаларға дем беру үшін осы тәжірибені қолдану қажет. Жалпы, аймақтардың өсіп-өркендеуіне жол ашатын жаңа өндіріс орындарын барынша дамыту керек, – деді.

Сонымен қатар, Қасым-Жомарт Кемелұлының бүгінгі бастамаларының алдыңғы сайлауларда халықтың зор сеніміне не болған АМАНАТ партиясының өміршең жобаларымен үндесіп жатқандығы жетекші партияның билік пен халық алдындағы бекем беделіне қолдау болғандығын айта аламын. Мәселен, партияның «Қарызыз қоғам», «Ауыл аманаты» жобалары аясында атқарылған жұмыстарына оң баға беріп, ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге «Тауарлы несие» беру жөніндегі бастамасы көңілге серпінді сенім ұялатты.

Жалпы, Президенттің бүгінгі Жолдауы ел көкейіндегі дөп басып, Әділетті Қазақстанның даму қарқынын еселеп, экономикамыздың еңселенуіне жол ашқан тарихи мәні зор құжат болғанын баса айтқым келеді.

Бекзат АЛТЫНБЕКОВ,
АМАНАТ партиясы
Қарағанды облыстық филиалының төрағасы,
облыстық мәслихаттың депутаты



Қызғалдақ АСҚАРҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Халықтың әл-ауқатын көтеру – мемлекеттің маңызды міндеті

Президент Парламент бұған дейінгі сессияларда 102 заң қабылдағанын атап өтті. Олардың

қатарында қоғамдық бақылауға, адам саудасына қарсы күреске, ғылым және технология саясатына, жылу энергетикасына қатысты және басқа да заңдар бар. Мемлекет басшысының айтуынша, әлеуметтік салаға, соның ішінде балаларды қорғау ісіне айрықша көңіл бөлінген. Тарқатып айтсақ, Ұлттық қордан балалар-

дың есепшотына қаржы аударуға қатысты заң қабылданды. Балаларды құмар ойынға тартқандар әкімшілік заң бойынша жазаға тартылатын болды. Кәмелетке толмаған балаларға зорлық-зомбылық көрсеткені үшін берілетін жаза күшейді. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, әйелдер мен балаларға қатысты

• «ЖАЙЛЫ МЕКТЕП»

Екі жаңа мектеп – ел игілігіне

Білім күнінде Қарағандыдағы «Күнге» шағын ауданында 600 орындық жайлы мектеп оқушыларға есігін айқара ашты. Сондай-ақ, «Кендала» шағын ауданында 2000 орынға есептелген алғашқы жайлы мектеп жұмысын бастады.

Биыл аймақта 15 931 бірінші сынып оқушысы мектеп табалдырығын аттады. Облыста барлығы 420 мектеп болса, онда 172 548 бала мен жасөспірім білім алуда.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аймақта тағы

10 жаңа мектеп ашылады

«Күнгедегі» мектеп құрылысы өткен жылдың наурыз айында басталып, мердігер жұмысты бір жарым жыл ішінде аяқтады. Әлеуметтік жоба облыстық бюджеттен қаржыландырылды. Шағын аудан құрылғаннан бері мұнда оқу орны болмағандықтан, оқушылар үйлерінен қашық орналасқан мектептерге баруға мәжбүр болды. Заманауи мектептерде балаларға сапалы білім беруге бар жағдай жасалған. Мектептің ашылуына арналған салтанатты шарада облыс әкімі Ермегенбет Бөлекпаев балаларды және олардың ата-аналарын, мұғалімдерді білім күнімен құттықтады.

– Бұл күн – жаңа жобалар мен ізденістердің, идеялардың бастауы. Мемлекет білім беру саласына жіті көңіл бөледі. Осы бағытта облыста көп нәрсе жасалуда. Жыл соңына дейін облыста тағы 10 жаңа мектеп ашылады, – деді аймақ басшысы. Жаңа мектепте бірінші сынып табалдырығын



аттаған 100 оқушы партаға отырды. Оқыту қазақ және орыс тілінде жүреді. Жоғары сыныпта мектеп бітіретін бір ғана сынып бар. Білім ошағында штат толық құралған. Мұғалімдер байқау бойынша іріктеліп, жинақталды. Ғимараттың ауданы 10 мың шаршы метрден асады. Бастауыш және жоғары сыныптар үшін бөлек блоктар қарастырылған. Ал, ерекше қажеттіліктері бар оқушылар үшін қолжетімді орта құрылған.

Сондай-ақ, оқу орны заманауи стандарттар бойынша жабдықталған. Барлық кабинеттерде үлкен интерактивті тақталар бар. Трансформер-парталарды қажетті биіктікке реттеуге болады.

Алдағы уақытта мектептегі еңбек кабинеттерінде ұлдар ағаш ұстасы кәсібінің бастапқы машықтарын игере алады, қыздар тігуді және тамақ дайындауды үйренеді. Сонымен қатар, кера-

мика шеберханасы да оқушыларды асыға күтеді.

Мұғалімдердің айтуынша, дене шынықтыру сабақтарын тек спорт залында ғана емес, далада да өткізуге болады. Мектеп ауласы үлкен болғандықтан, спорт және ойын алаңдары бар. Әр оқушы өз калауы бойынша робототехника кабинетіне, бейнелеу студиясына, телестудияға бара алады.

– Бұл біздің көптен күткен арманымыз еді. Мектеп тез салынды. Бұған күнгейліктер қуанышты. Отбасым мұнда сегіз жыл тұрады. Осында көшіп келгенімізде су және жол жоқ еді. Шағын ауданымыз көз алдымызда дамып келеді. Бүгін жаңа мектепке немеремді бірінші сыныпқа алып келдім, – дейді «Күнге» шағын ауданының тұрғыны Аманжол Махамбетшин.

➤ 5-бет

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

•EUR/KZT 534.46

•USD/KZT 481.63

•RUB/KZT 5.28

•CNY/KZT 67.92

Қазақстан Ұлттық Банкінің 2 қыркүйек, 2024 жылғы дерегі бойынша

Жолдау: жобалар пысықталып, міндеттер айқындалды

(Соңы. Басы 1-бетте)

Елдегі саяси жүйе түбегейлі өзгерді

– Қазақстан халқы қазір мүлде жаңа саяси жағдайда өмір сүруде. Соңғы 5 жылда ауқымды реформалар жасалды. Еліміздің саяси жүйесі түбегейлі өзгерді. Жұрттың сана-сезімінде бетбұрыс болып жатыр. Халықтың құқықтық мәдениеті артып келеді. Азаматтардың бойында жаңа әдеттер, дағдылар қалыптасып, жаңа құндылықтар орнығуда. Саяси және қоғамдық болмысымыз, менталитетіміз және мәдени қолдымыз өзгере бастады. Бір сөзбен айтсақ, Әділетті Қазақстан құрылып жатыр. Мұның бәрі, ең алдымен, халықтың қалауымен жасалуда. Сондықтан біз алған бетімізді қайтпаймыз, бағытымыздан таймаймыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Жолдауда жоспарлар пысықталып, мақсаттар айқындала түсті. Қазіргі таңда геосаяси жағдайдың күрделеніп, әлемде текетірес белең алып тұрғанын тілге тиек еткен Президент елдің бейбіт әрі эволюциялық жолмен даму үстінде екенін атады. Жаңа даму бағдары белгіленді. Экономиканы әртараптандыруға тын серпін берілді. Елімізде инфляция тежелді. Халықаралық резерв елдегі 100 млрд теңгенде асты. Бұған дейінгі жасалған қолайлы жағдайды тиімді пайдалану қажеттігін еске салды. Экономика өскен сайын әлеуметтік теңсіздік азаяды. Әрбір шешім, әрбір жоба елге пайдалы болуы керектігін міндеттеді.

Ол үшін Мемлекет басшысының айтуынша, Үкімет және әкімдер экономиканың құрылымын өзгертуге баса назар аударуы тиіс. Еліміздің тұрақты дамуына мүмкіндік беретін жаңа тетіктерді қарастырулары керек. Бұл арадағы мемлекеттің басты мақсаты – азаматтардың табысын арттыру.

Банк туралы жаңа Заң шығады

Мемлекет басшысы республикалық бюджеттің кіріс бөлігі орындалмай жатқанын атады.

– Ақша-несие саясаты мен фискалды саясаттың арасындағы үйлесімсіздікті жою қажет. Қазір нақты секторға несие әлі де ойдағыдай берілмей жатқанын ашық айтуымыз керек. Шағын және орта бизнесті жеткілікті қаржыландыру мәселесі де шешімін тапқан жоқ. Бұл жағдай еліміздегі іскерлік ортаның белсенділігіне, экономиканың тұрақтылығына және дәйекті дамуына кедергі келтіріп отыр. Үкімет пен Ұлттық банк бірлесіп, осыған қатысты оңтайлы шешімдер ойластыруы керек. Банкістердің экономикаға көбірек қаржы құюына жағдай жасау қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы халықаралық сапаршылар қазақ банкістерін ресурсқа бай елдер ішіндегі ең көп пайда табатын банкістер санатына қосатынын атады. Сондықтан, осы саладағы салық мөлшері әділ белгіленуге тиіс. Банкістердің акционерлері дивидендіне сәйкес салық төлеуі керек.

– Банкістерге мемлекет көрсеткен көмек тұрғысынан қарасақ, бұл – өте орынды ұстаным. Цифрлық активтердің айналымын қамтамасыз ету және банк саласына инновацияларды қауіпсіздік талабына сәйкес енгізу үшін оны реттейтін тетіктерді тұрақты болуы маңызды. Бізге Банкістер туралы жаңа заң қажет. Бұл құжатта экономикалық белсенділікті қолдау және финтех саласын қарқынды дамыту сияқты өзекті мәселелер шешімін табуы керек. Қазір қолданып жүрген заң шамамен 30 жыл бұрын қабылданған. Ол кезде заман да мүлде басқа болды. Ашығын айтуымыз керек, бізде республикалық бюджеттің кіріс бөлігі орындалмай жатыр. Бұл – бұрынғы және қазіргі Үкімет жұмысындағы үлкен олқылық. Мұндай жағдай жиі қайталанса, түтпеп келгенде, еліміздің дамуын тежейді. Сондықтан оған жол бермеу қажет. Бюджет қаржысын тиімді пайдаланып, оның шығыс бөлігін шектеп, қатаң бақылауда ұстаған жөн. Үкімет Ұлттық банкпен бірлесіп, осы мәселеге қатысты нақты шаралар қабылдауға тиіс, – деді Президент.

Бюджет қаржысын оңды-солды шашу доғарылады

Бұл арада Президент шағын және орта бизнестен түсетін салықтық аймақтардың өзінде қалуына қатысты қабылданған шешімге орай пікірін білдіріп, оның тиімді жұмсалудың баса айтты.

– Бюджетаралық қарым-қатынасты да ретке келтіру қажет. Шағын және орта бизнестен түсетін салықтық аймақтардың өзінде қалуына қатысты қабылданған шешімге орай пікірін білдіріп, оның тиімді жұмсалудың баса айтты.

– Бюджетаралық қарым-қатынасты да ретке келтіру қажет. Шағын және орта бизнестен түсетін салықтық аймақтардың өзінде қалуына қатысты қабылданған шешімге орай пікірін білдіріп, оның тиімді жұмсалудың баса айтты.

– Бюджетаралық қарым-қатынасты да ретке келтіру қажет. Шағын және орта бизнестен түсетін салықтық аймақтардың өзінде қалуына қатысты қабылданған шешімге орай пікірін білдіріп, оның тиімді жұмсалудың баса айтты.

– Бюджетаралық қарым-қатынасты да ретке келтіру қажет. Шағын және орта бизнестен түсетін салықтық аймақтардың өзінде қалуына қатысты қабылданған шешімге орай пікірін білдіріп, оның тиімді жұмсалудың баса айтты.

– Бюджетаралық қарым-қатынасты да ретке келтіру қажет. Шағын және орта бизнестен түсетін салықтық аймақтардың өзінде қалуына қатысты қабылданған шешімге орай пікірін білдіріп, оның тиімді жұмсалудың баса айтты.

– Бюджетаралық қарым-қатынасты да ретке келтіру қажет. Шағын және орта бизнестен түсетін салықтық аймақтардың өзінде қалуына қатысты қабылданған шешімге орай пікірін білдіріп, оның тиімді жұмсалудың баса айтты.



Суретер: A.Konobayev

тек мемлекет қаржысына сүйену жеткіліксіз екенін анық. Жеке инвестициялар тарту арқылы іскерлік белсенділіктің артуына қолайлы жағдай жасаған жөн. Ол үшін, ең алдымен, салық саясаты тұрақты болуы тиіс. Сонда бизнес те сапалы дамуға ынталы болады және жауапкершілікпен жұмыс істейді.

Жаңа салық кодексі қазіргі жүйені қайта жаңғыртуға арналған. Бұл құжат салықтық әкімшілендіру ісінің салық төлеушілерге деген сенімге негізделген мүлде жаңа жүйесін қалыптастыруға тиіс. Кодекстің ережелерін әркім әрқалай қабылдамауы үшін оны жеңілдетіп, экономикалық тұрғыдан белсенді азаматтың бәрине бірдей түсінікті ету өте маңызды.

Салық режимдерін кәсіпкерлерге жасалған қолайлы жағдайдың нашарлап кетпеуін ескере отырып, оңтайландырып жөн. Бөлшек салықтың енгізілуін мысал ретінде айтуға болады. Осы нормаға сенім артқан кәсіпкерлер қызметін ашық жүргізе бастады, кәсіптерін бөлшектеуді азайтты. Жеке табыс салығының мөлшерлемесін азаматтардың кірісіне қарай дифференциациялау қажеттігі туындап отыр, – деді Президент.

Сондай-ақ Мемлекет басшысы салықтық әкімшілендіру ісінде жазалау тәсілінен де бас тартуды ұсынды.

Инвестициялық ахуалды және бизнес жүргізуге жағдайды жақсарту қажет

Президент елге инвестиция тартуды күшейту мақсатында Үкімет жанындағы Инвестиция штабына ауқымды құзырет бөлінгенін атады.

– Дүние жүзінде инвестицияға талас өршіп тұрған кезде елге қаржы тарту үшін «дәл осы жерде және дәл қазір» қағидасы бойынша шешім қабылдау – ең қажет шара. Сондықтан Үкімет жанындағы Инвестиция штабына ауқымды құзырет берілді. Бұл қанда да металды терен өңдеу, мұнай-газ-көмір химиясы, туризм, энергетика және машина жасау сияқты маңызды салалардағы жобаларды жүзеге асыру қарқынын арттыруға жол ашты. Экономикаға салынған тікелей инвестиция көлемін азайтпай алмау үшін осы бағыттағы жұмысты күшейту керек. Кейбір әкімдер мен министрлер инвестор тарту ісіне жөнді атсалыспай отырғанын атап өткім келеді. Үкімет бұл шаруаны ретке келтіруге тиіс, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент мемлекеттік-жекеменшік әріптестік арқылы іске асырылатын жобаларды сапалы әзірлеу керектігін еске салды.

– Әсіресе, халықаралық қаржы институттары қатысатын жобаларға баса назар аудару керек. Үкіметке халықаралық қаржы ұйымдары мемлекеттік-жекеменшік әріптестік тәсілімен қаржыландырып, толық жүзеге асыратын ауқымды жобалардың тізімін жасауды тапсырамын. Мен биыл мамыр айында «Экономиканы ырықтандыру шаралары туралы» Жарлыққа қол қойдым. Бұл құжатта көрсетілген талаптар мұлтіксіз орындалуға тиіс, – деді Мемлекет басшысы.

Президент мемлекеттің экономикадағы тікелей үлесі әлі де жоғары деңгейде қалып отырғанына назар аударды. Бұл ахуалдың нарықтағы теңдік шарттарын бұзып, жеке бастамауларға тосқауыл екенін атады.

– Елімізде мемлекеттік кәсіпорындарды басқару саясаты әлі де тиімсіз екенін мойындаған жөн. Олардың мақсат-міндетін, қызмет аясын, қаржыландыру тәсілдерін және жұмысының басқа да тұстарын тиісті заңдармен реттеу қажет. Сонымен бірге, холдингітер мен Үкіметтің арасындағы қаржы мәселелеріне қатысты ұстаным тұрақты әрі жүйелі болуға тиіс.

Мен 2022 жылғы Жолдауымда бәрін басынан бастап реттеуді тапсырған едім. Реформаның бірінші кезеңінің өзінде орынсыз әрі қажетсіз 10 мыңнан астам талаптың күші жойылды. Оның бәрі кезінде кәсіпкерлерге кедергі келтірген еді.

Бас прокуратура ірі инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға қолдау көрсете бастады. Инвесторларға «жасыл дәліз» қағидасы бойынша жеңілдіктер берілді. Экономикалық қылмыстардың біразы қылмыс деп танылмайтын болды.

Алайда кәсіпкерлерден мемлекеттік органдардың шектен тыс қадағалап, бақылайтыны туралы шағымдар әлі де түсіп жатыр. Үкімет Бас прокуратурамен бірлесіп, инве-

стициялық ахуалға әсерін тигізетін жағымсыз үрдістерді жоюы керек.

Бытыр бизнес өкілдерімен өткен кездесуде бұл мәселе бойынша мен нақты ұстанымды айттым. Біз кәсіп иелерімен өзара келісімге келдік, яғни «капиталды заңдастыру» үшін міндетті түрде Қазақстан экономикасына қаржы салу қажет болады.

Ең бастысы, салынған қаржы ел игілігіне жарауы керек. Бұл талапты нормативтік тұрғыдан бекітіп алу қажет, – деді Президент.

Бүгінде Қазақстанның бизнестегі алға қойған межесі биік. Атап айтқанда, Президент 2029 жылға қарай орта бизнестің ел экономикасындағы үлесін 15 пайызға жеткізуді міндеттеп отыр.

Президент агроөнеркәсіп инвестиция тартудың да ел үшін маңызды іс екенін тағы атады. Бірақ, агроөнеркәсіп бөлініп қаржының 70 пайызы – мемлекеттікі екенін, бұл орайда коммерциялық банкістерді тарту қажеттігін тапсырды. Осылайша субсидиялаудан арзан несие беруге көшу іске асуы тиіс. Мұның сыртында ол бөлінген қаражаттың тиімді жұмсалуды да шарт.

– Бөлінген қаражаттың бәрі тиімді жұмсалуды тиіс. Алайда, шындыққа жанаспайтын ақпарат беру, басқаша айтқанда, мәліметтерді бұрмалау ауыл шаруашылығындағы шынайы ахуалды бағалауға кедергі келтіріп отыр.

Арайлы комиссия 2 миллион ірі қара және 3 миллионнан астам уақ мал санда бар, санатта жоқ екенін анықтады. Егін шаруашылығы саласында да осындай жайттар бар екені белгілі болды. Шын мәнінде, мұның бәрі – мемлекеттен субсидия алу үшін жасалған көзбояушылық. Ондай қылмыстық әрекеттерге тосқауыл қою қажет. Ал, мұндай іспен айналысқан адамдарды жауапкершілікке тарту керек, – деді Президент. Жалпы, өнеркәсіп әлеуетін пайдалану үшін жан-жақты шара қабылданады.

АЭС-ке қатысты референдум алтыншы қазанда өтеді

Президент, сонымен бірге, қазіргі уақытта өзекті мәселенің бірі – инфрақұрылым екеніне тоқталды. Әсіресе, бұл энергетика және коммуналдық шаруашылық саласында жүргізілуі қажет.

Мемлекет басшысы бұл күнде экономиканың мол қуатты қажет ететіндігіне тоқталып, дәл қазіргі уақытты елге сенімді әрі экологиялық таза қуат көздері керектігін атады.

– Қазір әлемде энергия тапшылығы күшейіп барады. Елімізге сенімді және экологиялық таза қуат көздері аса қажет. Сондықтан біз атом энергетикасын дамытуға баса мән беріміз керек деп ойлаймын.

Себебі экономикамыз күн өткен сайын мол энергияны қажет етеді. Мұндай сұранысты атом энергетикасы қамтамасыз ете алады. Қазір дамыған және дамушы 30 мемлекетте 200-ге жуық атом электр стансасы жұмыс істеп тұр.

Біз еліміздің өзіне тән ерекшелігін және ұзақ мерзімге арналған ұлттық мүдделерімізді ескере отырып, тек алға қарай жүріміз қажет. Бір сөзбен айтсақ, болашақты ойлауымыз керек. Сондықтан мен атом электр стансасын салуға қатысты барынша байыпты шешім қабылдау қажеттігін ұдайы айтып келемін.

Стратегиялық жоспарларды қоғамда кеңінен талқылау керек деп санаймын.

Ел өміріндегі әрбір маңызды қадам жұртшылықпен бірлесіп жасалуға тиіс. Атом электр стансасы туралы референдумға қатысты да дәл солай болуы керек. Бытыр мен бұл мәселе бойынша өз пікірімді айттым, яғни, референдум тақырыбының қоғам талқысына түскеніне бір жыл болды. Бұл азаматтарымыздың жан-жақты ойлануы, салмақты шешім қабылдауына жеткілікті мерзім деп ойлаймын. Сондықтан мен Үкіметтің ұсынысын қолдаймын.

Атом электр стансасын салу мәселесіне қатысты жалпыұлттық референдум биылғы 6 қазанда өтеді. Бүгін тиісті Жарлыққа қол қоямын.

Алдағы референдум кең ауқымды жалпыұлттық диалогтың тағы бір айқын көрінісі болмақ. Шын мәнінде, бұл – «Халық үніне құлақ асатын мемлекетке» тән сипат. Біз осындай қадамдар арқылы жаңа қоғамдық-саяси мәдениеттің негізін қалаймыз. Маңызды мемлекеттік шешімдер қабылдаудың жаңа үлгісін жасаймыз, – деді Президент.

2025 жыл – Жұмысшы мамандықтары жылы

Қоғам білікті мамандарды талап етеді. Соның ішінде, су, энергетика, құрылыс және өзге де салалар кадр тапшылығын сезініп отыр. Бұл проблема да Президент Жолдауында қозғалды.

Атап өткен ләзім, Үкімет жоғары білім саласын халықаралық білім беру кеңістігімен ықпалдастырып жатыр. Қазірдің өзінде елімізде шетелдің белгілі 23 жоғары оқу орны жұмыс жүргізе бастады.

– Оларға мейлінше қолдау көрсету керек. Атап айтқанда, маман даярлауға берілетін мемлекеттік тапсырысты біртіндеп көбейтетін жөн. Бұл тәсілді білім бағдарламасы заман талабына сай келетін өз оқу орындарымызға да қолдануға болады.

Осы ретте грант құны жастарды сапалы оқытуға мүмкіндік беруге тиіс. Мемлекет қаржысын университеттің бәріне шашыратып, оңды-солды тарата беруге болмайды.

Үздік университеттердің нақты сектормен байланысын нығайту керек. Инновациялық саясатты еліміздің ғылыми-технологиялық басымдықтарымен үйлестіруге қажет. Мұндай қадам әр саладағы инновацияға серпін береді. Сондай-ақ жоғары оқу орындарындағы қолданбалы ғылымның әлеуетін арттырады. Сонымен қатар ғалымдардың шетелдегі тағлымдамасын әншейін сиңеуіне және «академиялық туризмге» айналыдырау керек.

Жоғары оқу орындары ғана емес, техникалық және кәсіптік білім беру мекемелері де білікті кадрлар даярлауы қажет. Үкімет колледжде жасқы оқыған түлектерді мамандығы бойынша мемлекеттік қызметке алу мүмкіндігін қарастыруға тиіс.

Кәсіптік білім беру саласына реформа жасау – айрықша өзекті мәселе. Бұл – экономиканың өсімін қамтамасыз ету және инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін аса қажет қадам.

Мен 2025 жылды – Жұмысшы мамандықтары жылы деп жариялаймын. Осы уақыт ішінде техникалық және кәсіби білім беру жүйесін реформалау қажет. Сондай-ақ біз жұмысшы мамандықтарын дәріптеу арқылы қоғамда еңбеккер және нағыз маман болу идеясын насихаттаймыз.

Адал әрі табанды еңбегімен табысқа жеткен адамдар қашанда құрметті, сыйлы болуы керек. Бұл біз ұсынып отырған «Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс» қағидатына толық сай келеді.

Бір сөзбен айтқанда, біздің қоғамда еңбеккерлік, кәсібилік сияқты қасиеттер өте жоғары бағалануға тиіс. Өз кәсібін жетік меңгерген мамандар ұлт сапасын арттырады. Сондықтан біз еңбек адамның мәртебесін көтеріп жатырмыз. Бұл бағыттағы жұмыс қотармайды, жалғаса береді, – деді Президент.

«Таза Қазақстан» уақытша науқан емес

– Экологиялық ахуалды жақсарту – алдымызда тұрған негізгі міндеттің бірі. Біз қоғамда қоршаған ортаны қорғаудың мән-маңызын кеңінен дәріптеуіміз керек. Халықты экологиялық факторлардың жағымсыз әсерінен сақтау қажет. Бизнес өкілдері табиғатты қорғау ісіне зор жауапкершілікпен қарауы керек. Үкімет пен «Атамеке» палатасы осы бағытта нақты шаралар қабылдауға тиіс. Бұл салаға озық технологияларды кеңінен енгізу жұмысын жалғастыру қажет. Табиғатты ластайтын қалдықтарға мониторинг жасайтын озық жүйе ойдағыдай жұмыс істеуге тиіс, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Ал, «Таза Қазақстанның» аймақтарда сапалы жүзеге асуына әкімдер тікелей жауапты екенін атады Президент.

– Баршаныңа мәлім, елімізде көктемнен бері «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясы жүріп жатыр. Бұл – тұтас халықты ұйыстырған берекелі бастама. «Таза Қазақстан» шарасына бірнеше айдың ішінде 3 миллионға жуық азамат атсалысты. Жүздеген мың үйдің ауласы тазартылды, 1 миллион тоннадан астам қоқыс жиналды.

Осындай игі шаралардың арқасында қоғамда жаңа мәдениет, жаңа қоғамдық этика орнығып келеді. Мұны туған елге деген сүйіспеншілік, жанашырлық деуге болады. Ұлттың жаңа сапасы осындай нақты шаралар арқылы қалыптасады. Бұл – уақытша науқан емес. Осы маңызды жоба жыл бойы жалғаса беруге тиіс. Себебі, шынын айтқанда, кейбір санасыз азаматтарымыз табиғатты, көшелерді әлі де ластап жатыр. Осындай адамдардың әрекетіне заң бойынша тосқауыл қою керек. Бір сөзбен, қоршаған ортаның тазалығы әркімнің күнделікті дағдысына айналуы қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мақсат – айқын, жеке – белгілі. Сонымен, ел дамуын тағы пысықтаған құжат – Президент Жолдауы жаңа міндеттерді белгілеп берді. Жолдауда көрініс тапқан жоспарлардың жүйелі жүзеге асуы – елдің ілгерілеуіне сеп екендігі хақ. Ал, ол міндеттерді мүлтіксіз орындауға бар қоғам жұдырықша жұмылуы керек-ті. Елге қатысты мәселеде шет қалға рұқсат жоқ. Қоғам бір ғана Үкіметтің ғана құралмайды. Қоғамды құраушылардың қатарында бәрі бар. Демек, мақсат-мұрат та бір болуы тиіс.

• ЖЕДЕЛ ЖЕЛІ

Кәсіпқойлық жоғары бағалануы тиіс

Президенттің халыққа Жолдауын тыңдап, үлкен әсерге бөлендім. Қоғамның қай саласында болсын, еліміздің жеткен жетістіктері – Президенттің қажырлы еңбегі мен ой қуатының жемісі.

Жаңа Жолдау еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының өзекті мәселелеріне және қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталды. Бұл орайда жоғары оқу орындарындағы білім саласының қызметкерлеріне басты басымдық берілді. Биылғы жылы жұмысшы мамандығының мәртебесін арттырып, жігерлі жастарды оқуға тарту қолданылды.

Президент «Мен 2025 жылды Жұмысшы мамандықтары жылы деп жариялаймын. Осы уақыт ішінде техникалық және кәсіби білім беру жүйесін реформалау қажет. Сондай-ақ, біз жұмысшы мамандықтарын дәріптеу арқылы қоғамда еңбеккер және нағыз маман болу идеясын насихаттаймыз», – деп атап өтті.

Алдағы уақытта білімге баса көңіл бөлініп, жоғары оқу орындарының сапасы артады. Әсіресе, инженер кадрлар даярлауға басты назар аударылмақ. Сонымен қатар, еліміздің барлық азаматтарының әлеуетін арттыруда білім саласын дамытуға міндеттеді. Ел Президентінің айтуынша, адал әрі табанды еңбегімен табысқа жеткен адамдар қашанда құрметті, сыйлы болуы керек.

Сондай-ақ, жоғары білім бойынша оқу орындары табыстылығының басты талабы – оқу біткеннен кейін студенттердің жұмыспен қамтылуы, олардың жоғары айналы бар жұмысқа орналасуы екенін атады.

Жастардың басым көпшілігі білім саласының қызметкерлері екенін ескерсек, бұл – Жолдау аясында білім саласының қызметкерлеріне биылғы жылдың мақсаты мен міндеттерін айқындауға мүмкіндік берді.

Президент «өз кәсібін жетік меңгерген мамандар ұлт сапасын арттырады. Сондықтан біз еңбек адамның мәртебесін көтеріп жатырмыз» деп атады.

Жұмысшы мамандықтарын дәріптеу арқылы «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» бағытын ұстанатын, бәсекеге қабілетті, зияткер ұрпақты өсіріміз қажет. Сондықтан, қазіргі білім саласының қызметкерлеріне артылар сенім зор. Жастарды ғылымға жұмылдыру дәрежесін жүйелі көтеру – күн тәртібіндегі мәселе.

Нұрлан ДУЛАТБЕКОВ,
академик Е.Бөкетов атындағы
Қарағанды зерттеу
университетінің ректоры

Жарқын бастамалардың жалғасы

Президент осы Жолдауында ел экономикасына қатысты көкейдегі өзекті сауалдардың жауабын айтты. Сонымен қатар, Үкімет пен әкімдерге келесі жылға дейін орындалуы тиіс маңызды тапсырмаларды жүктеді.

Бизнесті несиедегі мәселелер, жеңілдіктер айрықша назар аударуды талап етеді. Әсіресе, кәсіпкерлердің әлеумет алдындағы жауапкершілігі халық болашағы үшін аса маңызды екенін атап өтті.

Президенттің әр Жолдауы біз үшін маңызды екені белгілі. Қасым-Жомарт Тоқаевтың бұл Жолдауын әркім өзіндік өмір принципі мен заңдылығына, тәртібіне сәйкес талдайтыны да анық. Бірақ, еліміздің болашағын жарқын ету үшін жұдырықтай жұмылуымыз тиіс.

Атом электр станциясы. Бүгінде Қазақстан халқын алаңдатып, қоғамда түрлі пікірталас туғызған тақырып – осы. Президент осы тұста халықпен санау керектігін алға тартып, қазан айында референдум өткізетінін мәлімдеген еді. Елдің тағдырына тікелей әсер ететін референдумға баршамыз қатысуымыз керек.

Мемлекет басшысы біздің өңірге айрықша назар аударып отырғаны көңілге қуаныш ұялатады. Қарағанды облысына іссапармен келуі де тегін емес. Әсіресе, Теміртаудағы металлургиялық зауытта жүргізіліп жатқан модернизациядан жағымды жаңалықтар күтеміз. Сарандағы жаңа өндіріс орындарының ашылуы да ел экономикасына қарқын берері сөзсіз.

Вилан МОЛОТОВ-ЛУЧАНСКИЙ,
ҚХА жанындағы
ғылыми-сараптамалық
топтың жетекшісі, профессор

Ынтымақтастық дамуға бастайды

Кеншілер өлкесіне арнайы келген Үндістан мемлекетінің Қазақстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Нагендра Прасад мырзаны аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев арнайы қабылдап, кездесу өткізді. Онда алдағы уақытта арадағы ынтымақтастықты нығайту және әріптестікті кеңейту мәселелері ортаға салынды.



Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев Үндістанмен арадағы экономикалық байланыс хәм әріптестік жөнінде атап өтіп, маңыздылығын да естен шығармады.

– Біз – өзара тиімді ынтымақтастық үшін үнемі ашықпыз. Қазіргі таңда Қарағанды облысында Үндістан елінің капиталының қатысуымен түрлі салаларда 13-ке жуық

кәсіпорын жұмыс істеп тұр, – деді Ермағанбет Бөлекпаев. Сондай-ақ, аймақ басшысы мұнымен тоқтамай, болашақта өңдеу өнеркәсібі мен көмір химиясы са-



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӨКІМДІГІ

ласында да ынтымақтастықты дамытуды ұсынды. Одан бөлек, тауарларды «Сарыарқа» халықаралық әуежайы арқылы транзиттеу мүмкіндігі бар екенін де атап өткен жөн.

Сонымен қатар, Үндістанмен гуманитарлық салада тығыз ынтымақтастық пен бекем қарым-қатынас бар. Атап айтсақ, Қарағанды медициналық университетінде мыңнан астам үндістандық студент білім алып жатыр.

– Қазақстан мен Үндістан – стратегиялық серіктес елдер. Қазіргі ынтымақтастықты алдағы уақытта да тұрақты түрде сақтап, бірлесіп жұмыс істеу үшін үлкен әлеует бар екенін атап айту керек, – деді Нагендра Прасад.

Бұдан бөлек, кездесуде іскерлік делегациялармен тәжірибе алмасу мүмкіндіктері де назардан тыс қалмады. Ал, Нагендра Прасад мырза Қарағанды облысының алғыр да қырағы жастарының техникалық және экономикалық бағыттар бойынша білім беру курстарына қатысуға болатынына тоқталды.

Өз тілшімізден

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ДӨНГЕЛЕК ҮСТЕЛ

Тұрақтылық пен бірлік тұғыры

Облыс орталығындағы Достық үйінде «Конституция – мемлекет пен қоғам тұрақтылығының кепілі» атты дөңгелек үстел өтті. Шара Конституция күніне орайластырылған. Оған қатысқандар құқықтық мемлекеттің қалыптасуындағы елдің Негізгі Заңының ролін талқылап, ойларын ортаға салды. Жиналғандар Конституцияның құқықтық-нормативтік актілер ғана емес, елдің әлеуметтік, экономикалық және саяси дамуына негіз екенін атап өтті.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Дөңгелек үстелге басқармалар мен құқық қорғау органдарының басшылары, облыстық мәслихат депутаттары, жоғары оқу орындарының ректорлары, адам және балалар құқықтары жөніндегі уәкілдер, облыс әкімі жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссиялардың мүшелері, этномәдени бірлестік өкілдері шақырылды.

Облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей Негізгі Заң қазақ халқының тұрақтылығы мен бірлігінің кепілі екенін атап өтіп, мерейлі мерекемен құттықтады.

– Елдің саяси жүйесін реформалау шеңберінде Конституцияға өзгерістер енгізілді. Олардың ішінде, азаматтардың құқықтарын қорғау тетіктерін күшейту, бірқатар билік өкілеттіктерін қайта бөлу, Парламенттің ролін күшейту және мәртебесін арттыру. Супер президенттік модельден президенттік модельге соңғы қошу және халықтың елді басқаруға қатысуын кеңейту. Негізгі Заңда жарияланған консти-



туциялық құндылықтардың сәтті жүзеге асырылуы, ең алдымен, азаматтардың терең және жан-жақты түсінуіне байланысты. Мұны Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында атап өтті. Онда әділ Қазақстанды құру бойынша бірқатар бастамалар мен міндеттер айтылды. Оларды жүзеге асыру бүгінгі күнге дейін жалғасуда, – деді Әлібек Әлденей.

Шара барысында мемлекеттік қызметшілердің ант беру рәсімі өтті. Салтанатты түрде ант қабылдағандардың бірі – Қарлығаш Мажетаева. Ол Қарағанды қаласы еңбек инспекциясы басқармасына қызметке қабылданып жатыр.

– 10 жылдан астам уақыт бойы бала күтімі бойынша демалыста отырдым. Енді жаңа қызметке орналастым. Бұрын зейнетақы төлеу орталығында істеген едім. Ол кез бен қазіргі уақытты салыстырсақ, көп өзгеріс бар. Мемлекеттік қызмет жүйесі өзгерген, мемлекеттік қызметшілердің мүмкіндіктері мол, – дейді ол.

Әлібек Әлденей және облыстық мәслихат төрағасы Нұркен Кобжанов ант қабылдаушыларды құттықтады. Сонымен қатар, белсенді қарағандылықтарға облыс әкімінің, Мәдениет және ақпарат министрлігінің, Төтенше жағдайлар министрлігінің Алғыс хаттары табысталды.

– «Тазалық эксперт» ЖШС жол бөлімінің бастығы болып жұмыс істеймін, – дейді марапатталғандардың бірі Наурызхан Жолбарысұлы. – Бұл компанияда 10 жыл бұрын жұмысымыз болып бастағанмын. Осындай керемет мерекеде Алғыс хат алғанымна қуаныштымын. Халықтың игілігі үшін одан әрі жұмыс істеуге дайынмын. Барша қазақстандықтарды Конституция күнімен шын жүректен құттықтаймын. Барлық отбасыларға тек бақыт тілеймін, еліміз өркендесін, аспанымыз ашық болсын.

Сонымен қатар, Олимпиада ойындарына қатысқан спортшыларға құрмет көрсетілді.

Ата Заңымыздың саяси тұрақтылық пен халық бірлігінің

негізі екенін облыстық мәслихаттың төрағасы Нұркен Кобжанов атап өтті. Спикер ретінде Қарағанды зерттеу университетінің ректоры Нұрлан Дулатбеков, «AMANAT» партиясының Қарағанды облыстық филиалы төрағасы Бекзат Алтынбеков баяндама жасады.

Жастардың құқықтық мәдениеті мен сауаты жайлы Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің аға оқытушысы Арайлым Аманбаева сөз қозғады.

Ақтоғай ауданы аудандық мәслихат төрағасы Рашид Әбеуов өз баяндамасында аудан әкімдерін сайлау қоғамның саяси өзгерістерге бетбұрысының көрінісі екенін атап өтті.

Ата Заңымызға енгізілген өзгерістер елдің қоғамдық-саяси өмірін жаңғыртуға, экономиканы уақыт талабына сай дамытуға, Қазақстан азаматтарының өмір сүру сапасын жақсартуға оң әсер ететіні сөзсіз.

Суретті түсірген
Александр МАРЧЕНКО

• Өңірлерді дамыту

Елу отбасында қоныс тойы

Конституция күніне орай Теміртау қаласының пәтер кезегінде тұрған 50 тұрғынына баспана кілті табысталды. Пәтер берілген үй Металлургтер даңғылы, 61 мекенжайында орналасқан. Үш кіреберісі бар көпқабатты үйді жергілікті кәсіпорын салыпты.

Қоныстойын тойлаған тұрғындарға берілген пәтерлер бір, екі және үш бөлмелі. Аталған тұрғын үй жекешелендіру құқығынсыз, жалға берілетінін атап өткен жөн.

Теміртау қаласының әкімі Ораз Тәуірбеков жаңа қоныстанушыларды қуанышымен құттықтап, жылы

лебізін білдірді.

– Кезекте тұрған отбасыларды қолжетімді баспанамен қамтамасыз ету – біздің басты мақсатымыз. Барлығын шын жүректен құттықтаймын. Үйлеріңізде әрқашан жайлылық, жылулық пен өркендеу салтанат құрсын, – деді қала әкімі.

Пәтер алған бақытты жандардың бірі Бибісара Қожаназарова 2010 жылы атамекенге оралыпты. Арада үш жыл өткенде тұрғын үйге кезекке тұрды. Ал, баспана 11 жылдан кейін бұйырды.

– Өзбекстаннан Теміртауға көшіп келдім. 11 жыл күттім. Мен үшін қос мереке – Конституция күні және қоныс тойы. Жасым 70-ге. Осы күнге дейін балалармен бірге тұрдым. Енді өз баспанам бар. Пәтер – жайлы, екінші қабатта орналасқан. Отандастарымды мереке-

мен құттықтаймын және отбасына бейбітшілік тілеймін, – дейді Бибісара Қожаназарова.

Қазір Теміртауда үй кезегінде 2 372 тұрғын тұр. Олардың қатарында ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, толық емес және көпбалалы отбасылар, мүмкіндігі шектеулі жандар, бюджет саласының қызметкерлері және басқа да санаттағы отбасылар бар екенін атап айту керек.

Өз тілшімізден

• РЕСМИ

Қысқа дайындық нақтыланды

Күз мезгіліндегі басты өзекті мәселе – қысқа дайындық. Атап айтсақ, егін жинау науқаны мен жылыту маусымына сақай сай болу. Қарағанды облысына жұмыс сапарымен келген Қазақстан Республикасы Үкіметі аппаратының өңірлік инспекторы Талғат Сапарғалиев та осы саладағы жұмыстарға баса назар аударды.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Атап айтсақ, күзгі егін жинау науқанының барысымен, аймақтың энергетикалық кәсіпорындарының жылыту маусымына дайындығымен танысып, жергілікті тауар өндірушілердің қызметін арнайы барып көрді.

Жұмыс сапары барысында Талғат Сапарғалиев Нұра ауданының Көбетей, Байтуған және Шахтерское ауылдарындағы шаруа қожалықтарында болды және Осакаров ауданы аумағында жүріп жатқан егін жинау барысымен мұқият танысты. Аудан басшылығымен, фермерлермен кездесіп, ауыл шаруашылығын дамыту мәселелерін ортаға салды.

Талғат Сапарғалиев шаһардың ескі бөлігіне жылу энергиясын жеткізіп тұрған Теміртау қаласындағы ҚарГРЭС-1 жылу орталығындағы жөндеу жұмысын да барып көрді. Бұл электр станциясының жұмысына 86 үй тәуелді. Станция жылыту маусымына екі қазандықпен кірісіп, тұрғындарды жылумен қатамасыз етпек.

Сонымен қатар, сапар барысында инспектор мырзаға Теміртаудағы ЖЭО-2-ге алдағы жылыту маусымына энергетикалық жабдықтарды дайындау жөнінде де толық мәлімет берілді. Сондай-ақ, ол қалада жылу магистральдары мен су желілерін жаңарту жұмысының қалай жүріп жатқанын мұқият қарап шықты.

Бұдан бөлек, Абай тігін және Қарағанды аяқ киім фабрикалары, нан зауыты, темір, болат және феррокоритна шығаратын зауыт пен аймақтың басқа да кәсіпорындарының жұмысы инспектор назарынан тыс қалмады.

Аймақтың жетекші кәсіпкерлері өндірісті дамыту жөніндегі идеялары хәм жоспарларымен бөлісіп, түйткілді мәселелер ту-

рала да пікірлерін ортаға салды. Атап айтсақ, кәсіпорындарды сумен, газбен жабдықтау және ортақ су желілеріне қосу, электрмен жабдықтау желілерін тарту, электр энергиясына тарифтерді төмендету және басқа да мәселелер талқыланды.

Сапар соңында Өңірлік инспектор облыс әкімдігінде кеңес өткізіп, басқарма басшыларымен кездесті. Өзінің жеке ісін ашу, жұмыс істеп тұрған бизнесті одан әрі дамыту туралы идея-ұсыныстар айтылды. Талғат Сапарғалиев кәсіпкерлердің жұмыс барысында кездесетін проблемаларына неміқұрайды қарауға болмайтынның, оларды шешу жолдарын тауып, отандық тауар өндірушілерді қолдау қажеттігін айрықша атап айтты.

Аймақ басшылығы да жыл сайын ірі жүйе құраушы кәсіпорындармен елішілік құндылықты дамыту бойынша өзара ынтымақтастық туралы меморандумдар жасалатынын атап өтті. Быыл «Қазақмыс» корпорациясымен меморандумға қол қойылған. Ал, тапсырыстармен 23 жергілікті тауар өндіруші қамтамасыз етеді. Осындай шартқа «Qazmet» компаниясымен қол қойылып, оның аясында 54 кәсіпорынды нақты тапсырыстармен қамтамасыз ету жоспарланып отыр.

Бүгінде облыс аумағындағы жүйе құраушы кәсіпорындарымен және жер қойнауын пайдаланушылармен, жергілікті тауар, жұмыс және қызмет өндірушілермен офтейк-келісімшарт және ұзақ мерзімді шарт жасасу бағытында жүйелі жұмыс жүргізіліп жатыр.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Жылыту маусымына 90 пайыз дайын



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӨКІМДІГІ



Облыс аумағында алдағы жылыту маусымына дайындық жұмысы жүйелі жүріп жатыр. Аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев Абай қаласын, Топар кентін және Топар жылыжайларын жылумен, электр жарығымен қамтамасыз ететін Топар мемлекеттік аймақтық электростанциясын (МАЭС) аралап көрді.

Қазіргі таңда станция жабдықтары 90 % дайын болған. Екі қазандықтың күрделі жөндеу жұмысы мен үш қазандық пен турбоагрегаттың ағымдағы жөндеуі уақытылы орындалған.

– Дайындық жұмысы 90%-ға орындалды. Туындаған мәселелер жұмыс кестесіне сай шешілуде. Алаңдайтын шұғыл мәселе жоқ. Қазір №9 қазандық пен №7 турбинаны күрделі жөндеуден өткізіп жатырмыз. №8 қазандық пен №5 турбина ағымдағы жөндеуде. Абай ауданындағы жылу желісі уақытылы дайын болады, – деді «Топар

МАЭС» ЖШС операциялық директорының міндетін атқарушы Андрей Соловьев.

Ермағанбет Бөлекпаев станцияның жұмысын қарап шығып, басшылыққа тұрғындардың үйіне уақытылы жылу беру үшін кестелен қалмауды мұқият тапсырды.

Быыл Абайда 3,3 шақырым болатын жылу құбыры ауыстырылды. Алда МАЭС-тен Абайға дейін магистральдық құбырдың 10 шақырымына оқшаулау жүргізілмек. Енді 1 шақырым құбырды жөндеу ғана қалып тұр. Топарда үш магистральдық учаскедегі жұмыстар аяқталуға жақын. Алдағы жылдың еншісіне шамамен 2 шақырым желіні ауыстыру қалады.

Абай ауданы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының басшысы Дмитрий Терешиннің айтуынша, барлық жұмыс 15 қыркүйекке дейін қорытындыланбақ.

Өз тілшімізден

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ



• ТҰРАҚТЫ КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫНДА

Қоғам мен билік: түсіністікке жол

Облыстық мәслихаттың өнеркәсіп, шағын және орта бизнесті дамыту, аграрлық және жер мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның кеңейтілген отырысында арнайы экономикалық аймақты және «SARAN» индустриялық аймағын дамыту, Қарағанды облыстық мәслихатының 2022 жылғы 8 желтоқсандағы XXI сессиясының «Қарағанды облысының аумағында үй жануарларын ұстау және серуендету қағидаларын бекіту туралы» №276 шешімін іске асыру барысы талқыланды. Комиссия төрағасы, депутат Серғазы Әдекенов қос мәселе де зор маңызға ие екендігін атап өтті.

Ерканат КЕЦЕСБЕКҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жиын жұмысына өңірлер мәслихаттары, облыстық басқармалар мен департаменттер басшылары, қалалар мен аудандар әкімдерінің орынбасарлары, Қоғамдық кеңестің, «Сарыарқа» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы, «Сарыарқа» арнайы экономикалық аймақ өкілдері қатысты.

Сонымен, өңірде 2011 жылы «Сарыарқа» арнайы экономикалық аймағы және 2021 жылы «Саран» индустриялық аймағы құрылғаны аян. Ал, 2019 жылы «Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жарыққа шыққан болса, 2022 жылы арнайы экономикалық аймақтарды дамыту жөніндегі жол картасы бекітілген еді. Заңнамаға сәйкес, бұл аумақтарда арнайы құқықтық режим қолданылады. АЭА құрудың негізгі мақсатына келсек, жоғары өнімді әрі бәсекеге қабілетті өндірістерді жедел дамыту, өңірлік экономика саласында жаңа технологияларды енгізу, ең бастысы, халықты жұмыспен қамту.

Алғашқы болып сөз алған облыстық өнеркәсіп және индустриялық-инновациялық даму басқармасының басшысы Дарын Бұлжайыр «Сарыарқа» АЭА Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 24 қарашадағы №181 Жарлығымен құрылғандығын қаперге салып, қазіргі уақытта инфрақұрылымның негізгі объектілері салынып, пайдалануға берілгендігін мәлім етті. Іске асырылған жобалардың жалпы құны 107,8 млрд теңгеге құраған. Негізгі өткізу нарығы – ішкі нарық және ТМД елдері.

Республикалық маңызы бар «SARAN» индустриялық аймағы 2021 жылы Қарағанды облысы әкімдігінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №18/01 қаулысымен құрылды. Қазіргі уақытта аумақта жалпы құны 268,1 млрд теңге болатын 5 қатысушы тіркеліп, 249,4 млрд теңге инвестицияланды. Жоспарланған жұмыс орындарының саны – 2566 адам. Биыл 1 шілдеде «KamaTyresKZ» ЖШС автомобиль шиналарын шығаратын зауыт қолданысқа өтіп, бүгінде 590 жұмыс орны құрылған. Өнімнің алғашқы партиялары жергілікті және экспорттық нарықтарға жөнелтілді. 234,0 млрд теңге игеріліп, жобалық қуаттылыққа шығу 2027 жылға жоспарланды. Сондай-ақ, бұл аумақта жалпы құны 28,7 млрд теңгелік 3 ірі жобаны іске асыру межеленді.

– Мемлекет басшысының тапсырмасын іске асыру шеңберінде инвестициялық жобаларды іске асыру мәселесі ерекше бақылауда. Бүгінде аталған өндірістік ошаққа сарп етілген әр 1 теңгенің қайтарымы 3 теңге болып тұр. Табыс малайып келеді. Сондықтан, Саран қаласы моноқаладан дербес мәртебеге ие болды. Алда атқарылар межелер бұдан да жоталы, бұдан да ауқымды, – деп хабарлады Дарын Бейбітұлы.

Басқарма басшысының баяндамасын мұқият тыңдаған депутаттар өз кезегінде келелі сауалдарын да алға тартты. Яғни, арнаулы экономикалық, индустриялық аумақтардың бос жатқан жерлерін игеру, келешектегі жоспарлар, инвесторлар әперетін игілік сынды сұрақтар егжей-тегжейлі тәптіштеді. Депутат Елдос Жүнісов өз кезегінде отандық өнім ретінде шығарылатын тауардың жергілікті тұрғындарға сатылатын бағамында көңіл қуантарлық жеңілдіктің жоқтығын алға тартты. Яғни, бұдан келіп әлеуметтік мүмкіндік пен игілігі өңір жұртшылығына тиесілі ме деген заңды сауал туындайтынын тілге тиек етті.

– Біз өзіміз автобус құрап, оның дөңгелегіне дейін өндіре аларлық қуатқа ие екенбіз. Ол өнім одан соң Татарстанға жөнелтіліп, өзімізге ондағы бағаммен қайыра сатылатынын қалай түсіндіруге болады? Осыдан келіп салалық басқарма мен құрылыс мекемелердің жұмысына мін тағылады. Өзіміз жаратқан игіліктің көл-көсір пайдасын өзіміз неге көре алмаймыз? Әлбетте, бұл тұрғыда жүйелі жұмыс жүргізіліп, осындай өзекті дүниелер қағаберіс қалмауы қажет, – деп ескертті депутат.

Сауалына жауабы ретінде Дарын Бұлжайыр мырза «KamaTyresKZ-тің» экспортқа өнім өндіруге еш кедергі жоқ екендігін мақұлдай отырып, ауыл шаруашылығы секторындағы тұтынушыларға төмендетілген бағаммен көлік құралдарының сатылу үдерісі жолға қойылғандығын мәлімдеді. Мәселе, мұны тиісінше бақылауда. Бұл кәсіпорнын арқылы денгейдегі тұтынушысына әртүрлі брендпен өнім ұсынады. Мұны да қаперден шығармаған маңызды деп түсіндірді спикер.

Мәселенің оңтайлы шешімін комиссия төрағасы Серғазы Әдекенов ұсынды. Депутаттар кәсіпорындар кешенін өзінің көзімен көріп танысу зор мәнге ие. Сондықтан, арнаулы жұмыс алқасын құрып, экономикалық-индустриялық аумаққа ат басын тіреп, экскурсия жасау қажеттігі ұйғарылды. Онан соң өндірісті аймақта бірқатар іргелі жоғары оқу орындары да бар екендігі айтылды. Осы даңғайыр

және серуендету қағидаларын түсіндіру бойынша профилактикалық іс-шаралар тұрақты негізде жүргізілетіндігін мәлім етті. Осы жұмыс шеңберінде үй жануарларын ұстау және серуендету тәртібін және иелерінің оларды бұзғаны үшін жауапкершілік шараларын түсіндіретін тиісті ақпараттық материалдар әзірленген. Ақпарат ресми интернет-ресурста, әлеуметтік желілерде және қалалық газетте орнала-

ережелерінің сақталуын бақылауды жүзеге асырады. Ағымдағы жылдың басынан бастап осы Ережелерді бұзғаны үшін Ко-бАП ҚР 407-2 бабы бойынша әкімшілік жауапкершілікке – 24 адам тартылған.

Онан соң сөз алған қалалық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылық бөлімінің басшысы Мұрат Тоқбаев қазіргі уақытта қала бойынша иттерді серуендетуге арналған 12 алаң ашылғанын, бұл бағыттағы жұмыс жалғасуда деп қысқа да нұсқа қайырды. Бірақ қатысушылардың дені қалада ол алаңқайлардың ашылғаны турасында жергілікті халықтың хабарсыз екендігін, әрі облыс әкімдігінің жасыл алаңында көпшілік үй жануарларын серуендетуді әдетке айналдырғанын уәж кылып келтірді. Әрі кез келген адам ат шаптырым

сұрады. Өңірдегі үй жануарларының базасының тұрақты жұмысы қолжетімсіз екендігі көп адамды бейжай қалдырмасы анық. Бірақ, келесі жылы ИСЖ бағдарламасы бар мәліметті бір орталықтан басқарулық деңгейге шығатынын мәлім болды. Депутат Мира Махатчина ең өзекті жайттарды жайып салды.

– Баяндамашылар ақпаратты толықанды ұсынуы керек. Мен сіздерге кері мысалдар легін келтірейін. Мұны бір ауыз сөзбен «иттердің шабуылы» деп атасақ та болатындай. Кейінгі 2022 жылдан бүгінге дейін бастап санасақ, шағым саны ресми статистикадағы ит санынан көбейіп барады. Бұл нені аңғартады? Жұмыс жүргізіліп жатқан болар, бірақ ауқымы аз. Саранның иесіз иттерін жиып-теріп «ДСК» маңындағы саяжай аумағына жасыру белең алды. Бұл – бір. Екінші бір легін Сарандағы су қоймасының жағалауына жайып жіберетінін жергілікті жұрт білмейді емес, біледі. Абай қаласындағы ахуал да осыған ұқсас. Заң заңымен ғой. Ал, бізде үндемей-түндемей маңызды мәселені «су жағасына апарып тастаумен» шектелетін бұл не деген парқысыздық?! Қала аумағын алалық. «Жекебаев», «Рабочий поселок», №54 мектеп аумақтарында ешбір бала емін-еркін жүре алмайды. Әлихан Бөкейхан ауданындағы жасөспірімдер мектепке барса үйіне, үйіне барса мектебіне бара алмайтын халге жеткен. Түсініп тұрсыздар ғой?! Бұл жолдың жоқтығынан емес, иесіз иттің кесірінен өрістеп тұр! – деп бірқатар түйткілді төтесінен қойды Мира Атамалқызы.

Депутаттың дәйегінше Бұқар жырау, Шет аудандарында ит-құсқа таланған бала саны артқан. Мұндай жаттар кейінгі үш жылда еселеп көбейген. Мұның құрығанда логикалық қорытындысын шығарып әрекет ету қажеттігіне мән берді облыстық мәслихат депутаты. Еңбектеген баладан еңкейген кәріге дейін иттен зәбір көретіндей күн туғаны ма? деген орынды сауал менмұндайды мұндайда. «Қандай заң қабылдана да одан алдымен адам баласы зарлап шекпейтін болу керек!» – деп бағамдады депутат.

Бұған ветеринария басқармасының тарабы заңнама аясындағы жұмыс тек былтырғы жылдан бері ғана іске асырыла бастағандығын алға тартты. Иә, кемшіліксіз іс жоқ екендігі аян ғой. Талқы таразысына салынар іс баршылық. Бұған иттер иелерінің жауапкершілігін қоссақ та боларлықтай.

Өз кезегінде комиссия төрағасы Серғазы Әдекенов мұндай түйткілді құжат жүзінде тиянақтауды тапсырды бар тарапқа да. Көпден келген мәселені шетінен сөтінетіп шешу үшін барлығын жіпке тізгендей етіп тіркеу қажеттігі ескерілді. Нақтылық қажет. «Қолданыстағы ережеге елеулі өзгерістер енгізілсе де таразы басының бір жағында мемлекеттік сатып алу үдерісі арқылы іске асатын маңызды мәселе тұрса, екінші басында адам өмірі тұрғандығын қаперден шығармау керек!» – деп қорытындылады сөзін депутаттар қауымы.

Сөз алған Қарқаралы ауданы әкімінің орынбасары Берік Тоқмурзин ауданда демеуші қолдауымен ауданнан тысқары жерде 20 итке арналған панажай салынғанын тілге тиек етті. Нысан берік қоршалып, бейнебақылау құрылғысына дейін қамтылған. Биыл «Сезім» атты шаруашылық конкурстан өтіп қанғыбас иттерді аулаумен шұғылдануда. Жыл басынан бері 43 қанғыбас ит ауланып, зарарсыздандырылған. Бұл ауданда арнаулы чат ашылып оңтайлы істер қолға алынғаны қуантады.

Абай ауданы әкімінің орынбасары Ай-дос Асқаров аудан аумағында иттерді серуендетуге арналған 2 алаң қарастырылғанын хабарлады. Еріктілер құрамымен түсіндірме амалдары ұдайы іске асып тұрады.

Ал, «Добрый город» қайырымдылық қорының жетекшісі Наталья Угольцова Полиция Департаментінің өкілдеріне ит-мысығын далаға себепсіз тастап кеткен иелеріне ешбір шара қолданылмайтынын хакында сөз өрбітті. Мұнымен қатар үй жануарларын серуендету Ережесін өрескел бұзғаны үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылған ресми статистика жоқтығына да мән беріп өтті спикер.

Тараптар уәжін ой елегінен өткізіп, таразылаған депутаттар қорпусы облыс қалаларының әкімдіктері иттерді серуендету үшін қалаларда тиісті инфрақұрылым салу мүмкіндігін қарастыру қажеттігіне, облыстың ішкі саясат, ветеринария басқармалары, облыс қалалары мен аудандарының әкімдіктері өңірдің қалалары мен аудандарында иттерді қауіпсіз және экологиялық серуендету мәдениетін қалыптастыру бойынша тұрақты негізде кең ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу маңында қажетті шаралар қабылдаудың маңызды бір ауыздан тоқтады.

Суреттерді түсірген
Александр МАРЧЕНКО



мүмкіндік атаулысын оңтайлы қолдана отырып, аталған өндіріс ошақтарына кластерлік тұрғыдағы саясатты жүзеге асыру қажеттігі де қаперге алынды. Иә, шетелдің тәжірибе-білігін пайдаланған жақсы-ақ қой. Бірақ, келе-келе, бара-бара оны шын мәніндегі «Made in Qazaqstan» мазмұнына лайықты ету тапсырмасы қылаңғытарына қарап, Президенттің негізгі тапсырмасы осыған келіп саяды. Ал, депутат Меруеш Башай инвестормен келіссөз кезінде отандық инженерлердің біліктілігін көтеру туралы арнаулы келісімнің іске асыру қажеттігіне баса назар аударды. Тариф теке-тіресіне назар аударған Еркем Әбдідин отандық өнімнің әл-өзір қоғамдық көліктегі жолақысына да әсер етерлік шамасының төмендігіне мән беріп өтті. Облыстық қоғамдық кеңес төрағасы Жәнібек Садықанов өндіріс ошақтарындағы еңбек қауіпсіздігін байыпты бақылау тұрғысында бірқатар ұсыныстарын алға тартты.

Нәтижесінде облыстық мәслихат депутаттары спикерлердің ұсынған тақырыптық мәліметтерін назарға ала отырып, әрі қарай өнеркәсіп және индустриялық-инновациялық даму басқармасы, Саран қаласының әкімдігі, кәсіпкерлік басқармасы, экономика басқармасы «Сарыарқа» арнайы экономикалық аймағының және «SARAN» индустриялық аймағының базалық инфрақұрылымын салу кезінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын іске асыру үшін кәсіпкерлік субъектілерін тарту мүмкіндігін қарастырып, ең қажетті шаралар легін қабылдау ұсынылды. Бұл орайда әрине жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасы, Саран қаласының әкімдігі, жоғары, кәсіптік-техникалық білім беру ұйымдары арнаулы аймақта жұмыс істеу үшін кәсіптік кадрларды даярлауға, тартуға және ұстап қалуға бағытталған шаралар кешенін әзірлеу маңызды. Өрі өндіріс ошақтарын үйлестіруші тарап мұнда жұмыс істеу тиімділігі, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына әсері туралы талдамалық ақпарат бере отырып, сондай-ақ, сапалы қызметін жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізген ләзім.

Келесі келелі мәселеге қайырылсақ, Қарағанды облыстық мәслихатының 2022 жылғы 8 желтоқсандағы XXI сессиясының «Қарағанды облысының аумағында үй жануарларын ұстау және серуендету қағидаларын бекіту туралы» №276 шешімін іске асыру барысына мән берген комиссия төрағасы осы мәселе бойынша Қарағанды, Саран, Абай, Қарқаралы аудандарының әкімдіктерін, жергілікті полиция қызметін тыңдай отырып, содан кейін талқылауға кірісетінін хабарлады. Алдымен сөз алған Саран қаласы әкімінің орынбасары Мақсат Қайрешов Саран қаласында үй жануарларына қатысты қолданыстағы заңнаманы іске асыру мақсатында тұрғындар арасында қала аумағында жануарларды ұстау



стырылған. Үй жануарларын ұстауға жауапкершіліктен қарау туралы ақпараттық парақшалар халық арасында кең таралған. Жануарлармен жауапты қарым-қатынас жөніндегі ақпарат бизнес субъектілерінің назарына да жеткізілді. Учаскелік полиция инспекторлары қызмет көрсетілетін әкімшілік учаскелерде азаматтарға жануарларды ұстау және серуендету қағидаларын түсіндіруге бағытталған профилактикалық іс-шаралар жүргізеді.

– Балалармен тәрбие жұмысын жүргізу шеңберінде қаланың жалпы білім беретін мектептерінде үй жануарларымен жұмыс істеу мәселелерін түсіндіру бойынша зоо-волонтерлік ұйым өкілдерінің қатысуымен бірқатар кездесулер өткізілді. Ата-аналар қауымы үшін педагогтар «үй жануарларын күтіп-бағуға жауапкершілікпен қарау» атты арнайы ақпараттық жадынамаларын дайындап таратты. Саран қаласының Жастар ресурстық орталығында жануарларға жауапкершіліктен қарау саласында жастарды тәрбиелеуге бағытталған «Зоо-волонтерлік бастамаларды қолдау» жобасы іске асырылуда, оның негізгі мақсаты – адамгершілік қатынасты, мейірімділік танытуды насихаттау арқылы зоо-волонтерлік қозғалысты жандандыру. Бұл орайда әлбетте ақпараттық науқанның мәні зор екендігін қаперге саламыз, – деп ой тұжырыды Мақсат Сейполлаұлы.

Саран қаласының аумағында үй жануарларын серуендету үшін бірқатар арнайы алаңдар анықталып, жабдықталған. Қазіргі уақытта Ақтас кентінде иттерді серуендетуге арналған алаңды жайластыру үшін жер учаскесін іріктеу жүзеге асырылуда. Қаржыландыруды бөлу және алаңды орнату 2025 жылы жүргізіледі. Тұрақты негізде қала полициясының қызметкерлері үй жануарларын ұстау және серуендету

аумақтағы алаңқайға барып итін серуендеткісі келмейтінін айтпаса да түсінікті.

Дерекке сүйенсек, биыл ит, мысықтарды ұстау ережелерін бұзған 329 (2023 жылы 340) адам әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Нақтырақ айтсақ, оларға 7 миллион теңгеден астам айыппұл салынды. Оның 1 млн теңгеден астамы төленген (1 818 310 теңге, оның ішінде, Қарағанды – 1 273 740 теңге, Теміртау – 489 190 теңге, Шахтинск – 55 380 теңге).

Тіркелген ереже бұзушылықтың ішінде 139 (2023-52) үй жануарының (иттердің) шабуыл жасауынан денсаулыққа зиян келтіру фактісі сынды жағдайлар бар.

Атап айтсақ, үй жануарларын серуендетудің ережелері дұрыс сақталмай, нәтижесінде жануарлар жабірленушілерге шабуыл жасап, дене жарақаттарын салған.

Ал, депутат Меруеш Башай бүгінде бір үйде кемі не екі ал көбінде үй жануарларының саны 4-5-ке дейін жетіп жығылатынын, ессесіне көршісіне ит-мысықтың көптігінен манайлай алмайтынын, онан соң алаңқайға серуендейтін жануарлардың айналасын ластайтынын да алға тартты. Бұған бір тоқтам болу қажеттігі де айтылды. Депутат Қадияша Оспанова шаһардың Ит-мысықтың саны күрт көбейгендігіне алаңдаушылық білдірді. Иә. Иесіз иттер кейде үйірімен ондағы балабақшаға еніп кетіп, жас бүлдіршіндердің мазасын алу жайттары көбейген. Анықталғандай ветеринария басқармасының өкілі демеушілер қолдауының арқасында иттерге панажай салынып 200-ге тарта иесіз ит әкелінген. Оның дені зарарсызданып вакцинацияланған.

Депутат Зара Шалабаева ветеринария басқармасы тарапына «Таңба» атты ақпараттық жүйенің жай-күйі турасында

• БАСПАСӨЗ ТУРЫ

Мақсат – NEET жастардың ниетін ояту

NEET жастары туралы кейінгі жылдары жиі айтылатын болып жүр. Еш жерде оқымайтын, ешқайда жұмыс істемейтін жастар санатына жататын аймақта 23 мыңнан астам адам бар. «Барлығы қолжетімді заманда жастардың өмірден өз орнын табуға не кедергі?» деген сұрақ келеді көкейге.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыстың жастар саясаты мәселелері басқармасының бас маманы Жасұлан Хамитов түсіндіргендей, жастар мектептен кейін бірден жақсы лауазым мен жоғары жалақы алғысы келеді. Алайда, ол үшін еңбектенгісі келмейтін көрінеді. Бас маман аталған санаттағы жастарды жұмыспен қамту үшін кешенді жұмыстар жасалып жатқанын алға тартты.

NEET санатындағы жастардың барынша көп санын қамту үшін Ұлттық жұмыспен қамту бағдарламалары мен өңірлік сипаттағы жобалар пайдаланылады. Оның ішінде, биылдан бастап жүзеге асырылып жатқан «Мүмкіндіктер марафоны» айтуға болады. Ол тікелей NEET санатындағы жастарға бағытталған.

– Біз осы бағытта нәтижелі жұмыс жүргізіп жатырмыз, – дейді Жасұлан Хамитов. – Жоба ақпан айынан бастау алады. 7 ай ішінде NEET санатындағы 22 246 адаммен атаулы жұмыстар жүргізілді және 180 түрлі іс-шара ұйымдастырылды. Атап айтқанда, бос орындар жәрмеңкесі, дөңгелек үстелдер, ашық есік күндері, жұмыс орындарына экскурсиялар өтті. Мұның барлығы жастарды тартуға, олардың еңбек етуге деген ынтасын оятуға көздейді.

Оның айтуынша, жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде, 333 адамға – психологиялық, 248 адамға – құқықтық кеңес, 5 мыңнан астам адамға ақпараттық кеңес берілді. Осы санатқа жататын 6 050 адам мансап орталықтарына жүгінген, оның 3 142-сі жұмысқа орналастырылды. Қысқамерзімді курстарға жіберілгені, жұмыссыз ретінде тіркелгені де бар.

Мамандар бұл жастардың өздері ниет білдіріп, еріктерімен келгені маңызды екенін айтады. Дегенмен, мансап орталықтары қызметкерлерінің тарапынан жасалып жатқан жұмыстар көп. Олар аулаларды аралайды, мектептер мен колледждерге барады, жастармен әңгімелеседі, жұмысқа орналасу мәселелері бойынша кеңес береді. Өңірде жастар көп жиналатын орындарға баратын және мемлекеттік қолдау шаралары туралы әңгімелейтін мобильді топтар бар. Тұрақты негізде бос орындар жәрмеңкелері өтеді. «Жасыл ел», «Алғашқы жұмыс орны», «Ұрпақтар келісімшарты» және басқа да бағдарламалар жұмыс істейді, қысқамерзімді кәсіптік курстар ашылды. Оның ішінде, «Жасыл ел» жобасы аясында сарбаздар қатарына қабылдау кезінде қатысушының



әлеуметтік мәртебесі ескерілетінін атап өткен орынды. Осылайша, жаңа маусымда кемі 10% мемлекет тарапынан ерекше қолдауды қажет ететін жасөспірімдер алынды. Бұл – 1318 адам, оның ішінде, NEET жастары да бар. Екі жыл ішінде осы санаттағы 60-тан астам адам жастар еңбек жасақтары құрамында жұмыс істеді.

Жүйелі түрде жастарды шағын және орта бизнеске тарту бойынша жұмыстар жүргізілуде. Мәселен, «Jas project» бірегей жобасы NEET санатындағы Қарағанды жастарына өзін көрсетуге мүмкіндік берді. 2021 жылдан бастап осы жобаға 148 жас қатысты, оның шеңберінде 148 млн теңге сомасына гранттар берілді. Жастар түрлі деңгейдегі гранттық қолдау бар екенін білуді керек. «Jas Project» аясында биыл Қарағанды облысынан NEET санатындағы 14 адам грант алды.

Жастар ресурстық орталығымен бірлесіп, Саран қаласының Мансап орталығы жастармен белсенді жұмыс істеуде. Биыл 490 жас жұмысқа орналастырылды, оның ішінде NEET санатындағы 27 адам бар. Біз мұны Саран қаласына арнайы ұйымдастырылған баспасөз туры барысында білдік.

– NEET санаты бізде ерекше бақылауда. Орталық арқылы 12 адамды тұрақты жұмыс орындарына, 8 адамды қоғамдық жұмыстарға орналастырдық, екеуі қысқамерзімді кәсіптік оқуға жіберілді, ал, төртеуі «Алғашқы жұмыс орны» бағдарламасына, біре-

уі – «Әлеуметтік жұмыс орны» бағдарламасына қатысады. Бессеуі Skills Enbek платформасында дағдылар бойынша алдын ала дайындықтан өтіп, сертификаттарын алды, – деп атап өтті Саран қаласының мансап орталығының директоры Татьяна Черкасова.

Ол бүгінде жергілікті ірі кәсіпорындарда көптеген бос орындар бар екенін тілге тиек етті. Олар өздеріне қажетті мамандарға сұранысты негізгі порталдан басқа мансап орталықтары арқылы да жасайды екен.

Руслан Пегрус – Мансап орталығының арқасында «QazTehna» зауытына жұмысқа орналасқандардың бірі. Бұған дейін ол бейресми түрде күзет және құрылыс нысандарында жұмыс істеген.

– Жасым 34-те. Екі жылдан бері осындағы зауытта жұмыс істеп келемін. Орталықта маған жұмысты тез тауып берді. Айналасы 3-4 күн ішінде хабарласып, бос жұмыс орындарын ұсынды. Бастапқыда бірінші дәрежелі автослесарь болдым. Емтихан тапсырып, қазір үшінші разряд алдым. Жұмысым ұнайды, ұжымым да, бастықтар да жақсы. Шығармашылық топ та бар, мәдени шараларға қатысамыз. Бұған дейін де жұмыс істедім, бірақ, ресми тіркелмеген едім. Алдағы болашағымды, отбасымды ойлап, тұрақты табыстың болғаны жақсы екенін түсіндім. Әрі қарай осы мамандық бойынша кәсібилігімді арттыра беремін, – дейді Руслан.

Саран техникалық колледжін жыл сайын 150-170 түлек бітіріп шығады екен. Колледж директоры Әлішер Жұмаділдиннің айтуынша, жұмыспен қамту – 100%, ал, мамандық бойынша – 70%-дан асады.

– Мұнда барлық мамандықтар жергілікті индустриялық аймаққа бейімделген. Тек жұмысшы мамандықтары бойынша оқытамыз. Атап айтқанда, жерасты электрослесары, тігінші, аспаз, дәнекерлеуші, автомеханик, слесарь-жөндеуші мамандықтарын игеріп шығады. Оқу бітірушілердің жұмысқа орналасуын бір жыл бойы қадағалаймыз. Саран – қарышты дамып келе жатқан өңір. Мұнда маман-

Екі жаңа мектеп – ел игілігіне



(Соңы. Басы 1-бетте)

Төрт мектептің жүктемесі азайды

Аймақтағы жайлы мектептің бірі ұлттық жоба стандарты бойынша «Кендала» шағын ауданында 2000 орынға шақталып ашылды. Жаңа ғимарат қаланың оңтүстік-шығыс бөлігіндегі төрт мектептегі жүктемені төмендетуге мүмкіндік берді. Алдымен мұнда Әліхан Ермеков атындағы мектеп-лицейінің оқушылары көшіп келді. Ашылу салтанатына облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев пен Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Светлана Жакыпова қатысты.

– 1 қыркүйек – Сіздерді жаңа білім әлеміне жетелейтін кезеңнің бастамасы. Білім мен ғылым – табысқа жетудің басты кілті. Жас ұрпаққа жайлы, сапалы білім беру үшін қолайлы жағдайлар жасау – басты мақсатымыз. Жайлы мектептің қабырғасында сіздерді қызықты әрі әдемі болашақ күтіп тұрғанына сенімдімін, – деді аймақ басшысы.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Светлана Жакыпова сөз алып, мектепте даму мен оқу үшін тамаша жағдайлар жасалғанын атады.

– Сіздермен осындай ерекше күні бірге болғаныма қуаныштымын. Мемлекет басшысының тікелей тапсырмасы бойынша жүзеге асырылып жатқан «Жайлы мектеп» жобасы – апатты мектептерді жоюға, оқушы орындарының тапшылығын еңсеруге және жайлы білім беруді қамтамасыз етуге бағытталған, – деп атап өтті министр.

Жайлы мектепке конкурс бойынша 150 мұғалім жұмысқа қабылданды. Бастауыш және жоғары сынып оқушылары үшін оқу кабинеттері, санитарлық тораптар мен спорт залдары бар жеке блоктар қарастырылған. Ыңғайлы және қауіпсіз болу үшін алты кіреберіс пен шығатын есіктер жасалды.

Кабинеттер мен зертханалар заманауи талаптарға сай жабдықталған.

– Оқу барысы ыңғайлы әрі қызықты болуы үшін барлық жағдай жасалған. Маған әр кабинетте коворкинг аймағының бағта ұнайды. Мектепте спорт залы бар. Бұл спортқа көп көңіл бөлінетінін білдіреді, – деп атап өтті 10-сынып оқушысы Дина Жұмабай.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Мерейі тасыған отбасылар



Ата Заң күні қарсаңында балқаштық «Мерейі отбасы» ұлттық байқауының жеңімпаздары марапатталды. Салтанатты шарада шаһар басшысы Сапар Сатаев қалалық кезеңінде жеңіске жеткен отбасыларды марапаттап, жерлерінің алдағы Конституция, Отбасы күні мерекелерімен құттықтады.

Нұрлос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Берекелі шаңырақ – елімізді үйлесімді әрі орнықты дамытудың мызғымас кепілі» деген болатын. Сондықтан, бүгінгі күнде біз Президент тапсырмасына сәйкес мемлекетімізде ана мен баланы қорғау жүйесін жетілдіруге, отбасы құндылықтарын ұлықтауға баса мән беру басты міндетіміз. Әділетті Қазақстанды адал азаматтар құрады. Адал азамат дегеніміз Отанға, отбасына адалдықты, адал еңбек етуді, терең білімді, парасаттылық пен адамгершілікті бойына сіңірген адам, – деді қала әкімі Сапар Сатаев.

Бұл жолы Халабаевтар әулеті жүзден жүйрік атанды. Сонымен қатар, қалалық байқауда үздік атанған үлгілі әулет, Балқаш қаласының атынан «Мерейлі отбасы» жобасының облыстық кезеңінде де бірінші орын тұғырынан көрінді. Отбасылық құндылықтарды қастерлеп жүрген шаңырақтың үлкен анасы Хиуа әже отбасында 5 қыз, 4 ұл тәрбиелеп өсірген. «Алтын алқа» иегері 31 немере, 33 шөбере сүйіп отыр. Білім мен өнерді қатар дамытқан отбасы, сайыста қазақы дәстүрді дәріп-

теуімен ерекшеленген. Баласы Серікжан Халабаев пен келіні Арайлым Халабаеваның отау тіккеніне отыз жыл болған. Бүгінде бес баласынан екі немере сүйген. Отағасы «Транко Экспресс» ЖШС жұмысшысы, ал отанасы Әл-Фараби атындағы жалпы білім беретін мектептің мұғалімі.

Шараға 20 үміткер қатысқан. Оның ішінде, 3 әулет іріктеліп жеңімпаз атанған. Екінші орын иеленген теміржолшылар отбасы Омаровтар, ал, үшінші орынды жеңіп алған Тұрсынбековтер әулеті білім саласында ұстаздық жолда өскелең ұрпаққа тәрбиелі білім сіңірген жандар.

Сондай-ақ, Ата Заң күні аясында Балқаш қаласы әкімінің Құрмет грамотасымен Әскери полиция бөлімі Балқаш гарнизонының офицері Асылхан Шерхан және гарнизоның аға маман-жүргізушісі Рүстем Көдір марапатталды. Сонымен қатар, 7 заң саласының қызметшілеріне Балқаш қаласы әкімінің Алғыс хаты табысталды.

Салтанатты іс-шара мерекелік концертке ұласты.

БАЛҚАШ





• БРИФИНГ

Сақтық шараларына салғырт қарамаңыз!

Қыркүйек пен сәуір аралығы жұқпалы респираторлы вирустық инфекцияның белең алатын шағы. Осыған байланысты облыста 15 қыркүйектен бастап, тұмауға қарсы иммундау жүргізілмек. Жергілікті бюджет қаражатынан 173 мың доза тұмауға қарсы вакцина алынды.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Гриппол» – жыл сайын салынатын вакцина. Бірінші кезекте оны медицина қызметкерлері, денсаулық жағдайы бойынша тәуекел тобына жататын, диспансерлік есепте тұрған адамдар, балалар үйлерінің тәрбиеленушілері және медициналық-әлеуметтік мекемелердің қызмет алушылары, сондай-ақ, эпидемиологиялық көрсеткіштер бойынша инфекция қаупі жоғары адамдар тегін алады.

Облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысы Юрий Залыгиннің айтуынша, былтыр облыс халқының 14,8%-ы тұмауға қарсы иммундау шараларымен қамтылған.

– Барлығы 176 310 адам, оның ішінде, 14 жасқа дейінгі 20 714 бала егілді. Бұл тұмаумен сырқаттанушылықты 73%-ға төмендетуге мүмкіндік берді, – деді департамент басшысы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте.

Тұмау – ауа тамшылары арқылы өте жылдам таралатын жедел вирустық ауру. Барлық жастағы адамдар тұмау вирустарын жұқтыруы мүмкін. Жұқпалы болғандықтан, эпидемия немесе пандемия сипатында болады. Тұмау вирусы тез асқынады. Сондықтан, жоғары температура, бас ауруы, бұлшықет ауруы, жарыққа сезімталдық және

басқадай алғашқы белгілер пайда болған кезде уақытылы медициналық көмекке жүгіну маңызды.

– Тұмаудың алғашқы белгілері ағзаға түскен вирустық бөлшектердің санына, адамның иммундық жүйесіне, сондай-ақ, вирустың түріне байланысты. Аурудың белгілері бірден байқалады. 38°C және одан жоғары дене қызуы және ол 3-5 күннен артық болса, бастың қатты ауруы, енгіту, сананың бұзылуы, құрысу белгілері болса, шұғыл көмекке жүгіну керек, – деді спикер.

Әдетте, балалар, жүкті әйелдер, созылмалы аурулары бар адамдар, денсаулық сақтау мамандары жедел вирустық инфекцияларды жұқтыру бойынша ерекше қауіпті топтарға жатады. Сондықтан, маман адамдар көп жиналатын жерлерге баруды шектете тұруды ұсынады.

– Жөтеліп, түшкіріп тұрған адамдармен байланысты шектеу, жөтел этикетін сақтау, қолды сабынмен жиі және мұқият жуу, бөлмені жиі желдетіп, үнемі тазалап отыру керек. Жиі пайдаланатын ыдыс-аяқ, есік тұтқаларын да сүртуді ұмытпаған жөн, – деді Юрий Залыгин.

Бас мемлекеттік санитариялық дәрігердің міндетін атқарушының биылғы жылғы тамыздағы қаулысына сәйкес, ЖРВИ белгілері бар адамдар арасында күнделікті «стандартті сүзгіні» өткізу, ауру белгілерімен анықталған балаларды уақытылы шеттеті, қоғамдық орындарда оқушылардың, қызмет-

керлердің қолдарын өңдеу үшін антисептиктері бар санитаризерлерді орнату қарастырылған. Ал, сырқаттанушылық өскен кезде, яғни, сынып оқушыларының 20-30%-ында ЖРВИ тіркелсе, жалпы білім беру ұйымдарында оқытудың кабинеттік жүйесін тоқтату, күнтізбелік он күн ішінде сыныптарға жаңа балаларды қабылдауға тыйым салу ұсынылады. Егер, ауырған оқушылар қатары 30%-дан асса, онлайн оқытуға ауыстырылады. Денсаулық сақтау объектілеріне кіре берісте ЖРВИ және тұмау белгілері бар адамдар үшін сүзгілер ұйымдастырылып жабдықталады, сонымен қатар, медицина қызметкерлеріне бетперде режимі енгізіледі.

Спикер брифинг барысында коронавирус инфекциясының эпидемиологиялық жағдайы қанағаттанарлық жағдайда екенін айтты. Жалпы коронавируспен сырқаттанушылық 13,7 есе төмендеген. Биылғы 7 айда 68 жағдай тіркелді (көрсеткіш – 5,7). Былтыр бұл кезеңде 929 жағдай тіркелген болатын.

Биыл ел аумағында алғаш рет адам папилломасы вирусына (АПВ) қарсы вакцинация басталады. Екпе шаралары профилактикалық егулердің Ұлттық күнтізбесіне енгізілді, қыркүйекте басталады.

Адам папилломасы вирусы – шыршыты қабаттар мен теріге әсер ететін ең көп таралған вирустардың бірі. Оның инфекциясы жатыр мой-



ны, жыныс мүшелері, көмей және ауыз қуысының қатерлі ісігін тудыруы мүмкін.

– Жатыр мойны обырының алдын алу мақсатында 11 жастағы барлық қыздарға АПВ-ға қарсы вакцинация жүргізу ұсынылады. Осы жастағы вакцинация қыздарды болашақта ықтимал ауыр инфекциядан қорғайды. Бүгінгі таңда АПВ-ның емі жоқ, алдын алудың жалғыз әдісі – вакцинация. Жатыр мойны обырының басым көпшілігі (95%-дан астамы) адам папилломасы вирусынан туындайды, – деп атап өтті департамент басшысы.

Ол сонымен қатар, әлемде алаңдаушылық тудырып отырған

маймыл шешегіне қатысты да айтып өтті. Айтуынша, маймыл шешегі ел аумағында тіркелген жоқ. Инфекцияны республика аумағына әкелуге жол бермеу мақсатында барлық қажетті профилактикалық іс-шаралар қабылданды. Санитариялық-карантиндік пункттерде жұқтырған адамдардың мемлекеттік шекара арқылы кіруінің алдын алу бойынша іс-шаралар жүргізіледі.

Маймыл шешегі (mroh) – ауру жұқтырған жануарлардан адамға таралатын және адамнан адамға зақымданған тері мен шыршыты қабық арқылы таралуы мүмкін жұқпалы вирустық ауру. Инкубациялық кезеңі 5-тен 21 күнге дейін болуы

мүмкін. Аурудың клиникалық белгілеріне қызба, тамақ ауруы, бас ауруы, бұлшықет және арқа ауруы, лимфа түйіндерінің ісінуі, бөртпе жатады. 14 тамызда Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы маймыл шешегінің өршуін халықаралық деңгейдегі төтенше жағдай деп жариялады. Маймыл шешегі 2022 жылдың мамырында алғаш рет тіркелгеннен бері әлемде 120-дан астам елде 99 мыңға жуық жағдай тіркелді, қайтыс болғандар да бар. Инфекцияның таралуын болдырмау үшін маман ауру тіркелген елдерге баратындарға қорғанысты күшейтіп, сақтық шараларын сақтауға кеңес берді.

• БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

Журналистика сыныбы ашылды

Білім күнінде Қарағандыдағы Әлихан Бөкейхан мектебінде журналистика сыныбы ашылды. Білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті және Әлихан мектебі өзара келісім жасап, меморандумға қол қойды.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»



– Ұстаздардың өскелең ұрпаққа білім мен тәрбие берудегі орасан еңбегін атап өткім келеді. Ұлттың ағартушы ұлы тұлғасы Ахмет Байтұрсынұлы «Ұстаз – ұлт келбеті» деп бекер айтпаса керек. Сондықтан, ағартушылық миссиясын адал атқарып жүрген ұстаздардың еңбегі лайықты түрде жоғары бағалануы тиіс.

Журналистика сыныбын ашуда «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының 6 бағытын негізге ала отырып, «Зияткерлік модернизация» жобасы аясында, оқушылардың кәсіби дағдысын дамытуды көздеді. Тіл байлығын арттыруға баулу мақсатында ашылған бұл сыныпқа артылар үміт зор. Мамандықтарыңызға адалдықтарыңыз, ұрпақ ісіндегі жанкешті еңбектеріңіз үшін алғысымды білдіремін. Сіздер балаларға білім беріп қана

қоймай, оларға халқымыздың басты құндылықтарын сіңіріп келесіздер. Биылғы оқу жылы жоғары жетістіктер мен толағай табыстарға толы болсын, – деп атап өтті Ә.Бөкейхан атындағы мектеп директоры Айнұр Жаппарқұлова.

Медиа сыныптың ашылуында Оқу-ағарту министрлігі Тәрбие және қосымша білім департаментінің директоры, филология ғылымдарының кандидаты Меруерт Медетбекова онлайн құттықтады. Журналистика мамандығын тәмамдаған түлектер, ата-аналар жылы лебіздерін білдірді.

Академиялық күнтізбе жоспарына сай алдағы 3 жыл бойы меморандум аясындағы медиа-жоба жұмысы жалғасады.

Сурет ұйымдастырушылардан

Бояуынан сезіліп қала демі

Қарағандыда «Уақыт пен кеңістіктегі Қарағанды» атты суретшілер көрмесі өтті. Оған алты қылқалам шебері өз туындыларын қойды. Картинаның барлығы дерлік кеншілер шаһарының тарихы мен тыныс-тіршілігінен үн қатады.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Шығармашылық симпозиумға Айбек Бегалин, Бейбіт Мұстафин, Виктор Арент, Игорь Раков, Қаныш Балабеков, Мәдихан Қалмаханов сынды қарағандылық суретшілер қатысты. Шарт бойынша әр қатысушы Қарағанды туралы 120 см-ден 100 см-ге дейінгі форматтағы бір көркем сурет салуы керек еді. Қылқалам шеберлері картиналарын 20-28 тамыз аралығында салып шығыпты.

– Көрмеде симпозиумның қорытынды жұмыстарынан басқа, біздің музей қорындағы сол суретшілердің туындылары ұсынылған. Көрермен суретшілердің бұрынғы және қазіргі картиналарындағы айырмашылықты салыстырды. Картиналар шынымен де бір-біріне ұқсаймайды.

Суретшілер өз стилін, ырағын, түсін көрсете алды, – деді облыстық бейнелеу өнері музейінің басшысы Бибігүл Құдабаева.

Қаныш Балабеков өзінің картинасын «Менің Қарағандым» деп атапты.

– Екі жылға жуық қолыма қылқалам алмадым. Бірақ, симпозиумға қатысудан бас тартқан жоқпын. Өз туындыма Қарағандының даму тарихын көрсетуді ұйғардым. Суретте адамдар жоқ. Олардың бейнесі бас киімдермен белгіленген. Аппак Байжановпен болған оқиғаны бәрі біледі. Ол бөрік киген. Суретімде 1930-1950 жылдардағы шахтерлердің қалпағы, содан кейін шахтерлердің заманауи каскасы бейнеленген. Сондай-ақ, арбалар мен пойыздарды, киіз үй мен қазарманы және Қарағандының бүгінгі көпқабатты үйлерін салдым, – деп түсіндірді суретші.



«Комиссаров көшесінде тұратын қарағандылық» деп аталатын картинаның салыну тарихы туралы Мәдихан Қалмаханов, авторы айтып берді.

– Мен Комиссаров көшесіндегі симпозиумға бір апта қалғанда бардым. Күн бұлтты болды. Аздап жаңбыр жауды. Үйлердің бірінің жанындағы орындықта бір әйел отырды. Ол мені бірден баурап алды. Сұлу әйелді бейнелеуге рұқсат сұрадым.

Дәл осы әйелді салғым келді. Суретте күнді бейнеледім. Өйткені, Қарағанды жарқын қала. Адамдары да күн секілді, – деп бөлісті суретші.

Ал, Айбек Бегалин «Қарағандыға мадақ» деп атаған картинасы туралы сыр шертті.

– Менің картинамын негізгі идеясы – өткен мен болашақтың сабақтастығы. Идеямды қала сәулетімен тікелей байланыстырдым. Қарағандының рухы тұрғындарымен сезіледі. Сондықтан, қарағандылықтардың жарқын бейнесін салдым, – деп атап өтті Айбек Бегалин.

Симпозиум қатысушыларына ақшалай сертификаттар мен сыйлықтар табысталды.



шығару жоспарланып отыр екен. Жинақ-альбомға симпозиумдағы картиналар, суретшілер туралы

ақпарат еңбек.

Бұл шараны Қарағанды қаласының әкімдігі, мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі, облыстық бейнелеу өнері мұражайы және Теміржолшылар мәдениет үйі бірлесіп ұйымдастырған.

Бұл шара Қарағанды қаласының 90 жылдық мерейтойы аясында ұйымдастырылғанын атап өткен жөн. Ұйымдастырушылардың сөзінше, мұндай тағалымды шаралар әлі де жалғасын табады. Қаланың тарихы, өмірі, сәулеті тың форматтарда дәріптелмек.



90 ЖЫЛ ҚАРАҒАНДЫҒА

Осы мақсатқа шаһардағы таланттар жұмылдырылады дейді ұйымдастырушылар.

• МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

Мерекені мерейлі істерімен қарсы алды

Қарқаралы қаласының биылғы екі ғасырлық тойы әдеттегідей аста-төк дабырамен емес, ілкімді істермен, қайырлы шаралармен астасып жатқаны рухани. Әрбір атқарылған ауқымды шаруа солай болуы тиіс дүниедей қат-ретімен жасалып, ел соның игілігін көріп жатыр. Кейінгі уақыттың өзінде Қарқаралы ауданында көп істің тындырылғанын Ата Заң күні мерекесінде байқадық.

Болатбек ӘШМУЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Мемлекеттік мерекеге орайластырылған негізгі мәдени-көпшілік шара Ш.Жандарбекова атындағы Мәдениет үйінде өтті. Бұл ғимарат тарихи мекеннің биылғы мерейтойына орай күрделі жөндеуден өткізіліп, дәл осы Конституция күні жаңарған, жаңғырған келбетімен қайта ашылды.

Мерекелік шараның шымылдығын жергілікті «Салтанат» ән-би ансамблі Құрманғазының «Балбырауын» күйімен түрді. Бұдан соң аудан әкімі Әділжан Арғынұлы Конституция күні құрметіне жиналған қарқаралылықтар мен қала қонақтарын құттықтап, өңірдің экономикасы мен әлеуметтік-мәдени өміріне елеулі үлес қосқан бірқатар азаматтарға арнайы марапаттар табыс етті.

Мерекелік кеш биыл құрылғанына 55 жыл толған «Салтанат» ән-би ансамблінің концертіне ұласты. Осы жазда Польша мемлекетінде өткен халықаралық фольклорлық фестивалге қатысып, Гран-при иеленіп қайтқан өнер ұжымы көрермендеріне сол байқауға апарып олжалы оралған бағдарламасын ұсынып, жерлерінен ән мен билің қуанышына бөледі. Бір құттарлығы, аудан басшысы Еуропа төрінде қазақ өнерінің мерейін өсірген ансамбльдің алдағы уақытта да алыс-жақын елдерде өнер көрсетуіне қолдау жасалады деп сендірді.


Мереке күні Қарқаралыда жаңадан «Айым» жекеменшік балабақшасы ашылды. Жергілікті кәсіпкер Назира Тіленшина ашып отырған отыз орындық бөбекжайға

екі-үш жастағы балдырғандар қабылдануда. Сәбилер үшін бұл балабақшаға мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша «Индиго» электронды жүйесі арқылы жолдамалар беріледі. Осы бағыт бойынша жұмыс істеу үшін аудандық білім бөлімі жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдарда мемлекеттік білім беру тапсырысын жүзеге асыруға конкурс жариялаған болатын. Конкурста мойындалған балабақшаға ата-аналардың тиісті төлемінен бөлек, әр бала үшін мемлекет тарапынан қосымша қаражат төленіп отырады. Яғни, мемлекет осындай жолмен жеке кәсіпкерлерге де қолдау жасайды.

Жоғарыда айтқанымыздай, Конституция күнінде бірнеше игі шаруа сәтімнен келіп, Қарқаралыдағы «Плотина» туристік кешенінің ашылу салтанаты да осы күні өтті. Кейінгі екі жылда қаланың тауға жақын бөлігінде орналасқан су қоймасының айналасына ауқымды абаттандыру жұмыстары жүргізілген еді. Бүгінде су қоймасының айналасы айтарлықтай ажарланып, жергілікті халық пен қонақтардың демалысына арналған құрылыс нысандары бой көтерді.

Аудан басшысы өз сөзінде қаланың мерейтойы аясында жүргізіліп жатқан көркейтуді, абаттандыру жұмыстары, туризмді дамытуға арналған жобаларды жүзеге асыру бойынша іс-шаралар жалғаса беретінін атап өтті.

– Қарқаралының байырғы тұрғыны ретінде осындай игіліктерге көзіміз де, көңіліміз де қуанады. Бөген басын көркейтуді, абаттандыру үшін қыруар жұмыстар атқарылғанын көрдік. Енді, міне, халықтың ортақ ырзығына айналды. Қа-



ламыз әлі де көркейе берсін, – дейді қала тұрғыны, зейнеткер Дәулет Дүйсебаев.

Плотина аумағын қайта жаңартуға жергілікті бюджеттен 499 млн теңге бөлінген екен. Жұмыстарды жасаған мердігер «Ғимарат КЗ» ЖШС екі көлеңкелі самалжай, бір шатырланған самалжай, үлкен өткеншек, жаяу жүргіншілерге арналған көпір, жағалауда қайықтар доғаратын орын жасады; 2 754 шаршы метрге асфальт төседі және 3 289 шаршы метрге тротуар салды.

– Өзім де туризм саласында жұмыс істегендіктен, қаланың көркі артып, жаңа нысандардың көбіне түскенін қолдаймын, – дейді қарқаралылық Азамат Рақышев. – Бұл біздегі әсем табиғат аясында демалғысы келетіндердің қызығушылығын арттырады, туризм саласындағы кәсіпкерлердің де жұмысы алға басады.

Айта кету керек, ауданда «Бұғылы» рекреациялық аумағының жобасы әзірленген. Осы жобаға сәйкес, плотинаға жақын

аумақтағы 75 гектар жер алдағы уақытта кешенді туристік аумаққа айналуы тиіс.

Жаңа кешеннің ашылу салтанатына жиналған қауымды «Ғимарат КЗ» ЖШС-нің өкілі Дархан Дәуренбеков пен аудандық кәсіпкерлер ұйымының төрайымы Бақытгүл Абдуллина, мереке күні атамекеңіне арнайы келген жерлесіміз, жасөспірімдер арасында шахматтан әлем чемпионы, гроссмейстер Қазыбек Нөгербеков құттықтап, ізгі тілектерін жеткізді.

Сондай-ақ, Қарқаралының тазалығына көп үлес қосқан жастардың «Жасыл ел» еңбек жасатарының биылғы үздіктерін марапаттау рәсімі де осы күні өтті.

Қысқасы, Ата Заңымыздың мерекесін қарқаралылықтар аса жоғары деңгейде, әрі пайдалы, әрі көңілді өткерді. Думанды кеш мерекелік отшануға ұласты.

Қарқаралы ауданы

Сурет
ұйымдастырушылардан

• ЖАНЫҒДА ЖҮР ЖАҚСЫ АДАМ

Қаламен бірге қанаттанған

Көмірлі қаламызда биыл өзінің 90 жылдығын тойлап жатқан Қарағандымен тағдырын тығыз байлаған, сол қаламен бірге қанаттанған азаматтардың бірі, осында туып-өскен, осында да мектеп, одан соң жоғары оқу орнын бітіріп, осында әр түрлі абыройлы қызмет атқарған, бүгінде 75 жасқа келіп отырған Қабығали Нұрғалиұлы Оспанов.



май қалуы келіп қосылды. Қыстың көзі қырауда аудан тұрғындарының барлығы от жағып, тамақтарын далаға пісіруге кірісті. Ол аздай жылудың өзі болмай қалатын кездер кезікті. Пришахтинскідегі басты қоше – Зелінский қошесіне халық шығып, жолды жауып тастаған уақыт та болды. Халықпен кездесуде қайымқай барды. Сөйлесіп, жағдайдың қиындығын түсіндіріп жатқанда қаланың әкімі Шаймерден Оразалиновтың өзі келді. Шәкең қашаның сабырлы қалпымен, өзінің қарлығың дауысымен сөз бастап, бұлай істеудің қиындығы одан сайын күрделендіре түсетіндігін айтты. Жағдайды қиындатпауға шақырды. Онысы да жұмыс істеліп жатқандығын, жағдайдың көп ұзамай жолға қойылатындығын айтты, жиналған жұртшылықтың тарауын өтінді. Халық түсінді, сол жерде үйлеріне тарап кетті.

Бұл кез бүкіл қаланың көптеген үйлерінің суы қатып қалып, батареялары жарғылып жатқан уақыт болатын. «Жыртық үйдің Құдайы бар» дегендей, онысы да жылуға жарымай тұратын Пришахтинскі, әйтеуір, аман қалды. Киров ауданы бойынша бірде-бір үйдің батареясы жарылған жоқ. Өйткені, 21, 22, 23 ықшама аудандар мен Новостройка елдімекенін және манайындағы жер үйлерді жылумен қамтамасыз ететін Пришахтинскінің өз қазандығы болды. Сол қазандық қалт-құлт етіп жұмыс істеп тұрды. Оған аудан әкімінің мұқият қадағалауы игі ықпалын тигізді. Аудан әкімі Қабығали Нұрғалиұлы жарпақ құлағы жастыққа тимей, тұрғындардың қамын ойлап, күніне екі-үш сағат қана көз шырымын алып, үнемі ат үстінде жүргеніміз өзіміз көрген болатынбыз. Одан соң Киров ауданына Теміржол ауданын қосып, аудан аумағы ұлғайған сайын, жұмыс көлемі тіпті арта түсті. Енді бір жылдан соң Киров ауданын Октябрь ауданына апарып қосқанын қайтерсің. Аудан көлемі үш есеге артқан кезде де Қабығали Нұрғалиұлы әкім болып қала берді. Бұрынғы Киров ауданы әкімшілігінің қызметкерлері қысқарып, біразы Октябрь ауданына ауысты. Қаланың өзекті

мәселесі ешқашан таусылып көрген емес, біреуін дұрыс жолға қойғаны сол екен, тағы бірі шығып жатады. Әйтеуір таусылмайды. Қаланың қайнаған өмірі тірі ағза сияқты әрқашан дами береді, дамыған сайын оның жұмысы да арта түседі. Жаңа нысандарды іске қосу, ескі жер үйлерді бұзып, орнына жаңа қонқабатты үйлер тұрғызу, ондағы тұрғындарды отбасының санына қарай пәтерлерге қоныстандыру. Оған қоса коммуналдық жұмыстар өмірі бітпейді. Бұрын астында шахта болған жерлер төмендеп, отырады. Соған орай жер қозғалғандықтан, ондағы су құбырлары жарылып кетеді де, су атқылайды. Сол жерлерді жөндейді, ескі құбырларды ауыстырады. Бір сөзбен айтқанда – таусылмайтын жұмыс. Сондай-ақ өзінің Қариполла Мұқатов сияқты орынбасарлары тиянақтылық танытып, бір жағынан қолдау беріп жатады. Бүгінгі күні Қабекен осындай қолдаушылары болғанына зор ризашылығын білдіреді.

– Мен үш жасымынан бастап тоғызға келгенше атам Оспанның қолында өстім, – деп еске алады Қабекен. – Ол кісі жасында ескіше оқыпты, кейіннен жанаңша сауат ашқан. Сол шамалы білімімен талай қызмет атқарған. Қаланы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын басқарыпты. Шахта бастығы болыпты. Әжеміз Күлшат Бұқар жырау ауданындағы Алабас ауылының тумасы, руы Қаржас болатын. Кейіннен, зейнеткерлікке шыққан соң жазда үш ай бойы сол ауылға келіп, атам екеуі киіз үй тіктіріп алып, қымыз ішіп жататын. Үлкен атам Егеубайдан Оспан атам мен Төлеу туады. Төлеуден тұяқ қалмаған. Оспан атамның үш баласы болыпты. Үлкені – Қайыңбек соғыста қаза тапқан. Одан соң Күлшен әпкем. Ол кісі Тиішбек Ахановтың жары болды. Одан соң менің әкем Нұрғали. Әкем қысық, мінезі шатақ, қияңқы адам болды. Әкемді бөлек шығарған. Атам Ескі қаладағы Загородный көшесінде, Костенко шахтасының маңында тұрды. Қазір өзі сол жердегі зиратта жатыр. Шахтаның жанында №7 мектеп болатын. Кейіннен оған Жамбыл атын берді. Сол мектептің бірінші қазақ класына бардым. Бірақ алғашқыда оқуға зейін қойғаным жоқ. Содан мені алды да келесі жылы №68 орыс мектебіне берді. Сол жерде екі класс бітірген соң Ескі Тихоновкаға көштік. Кейін Пришахтинскіде Коммуна көшесінде тұрдық. Мұнда Методическая көшесіндегі №51 мектепте оқыдым. Оныныңшың Новостройкадағы №33 орта мектепте бітірдім.

Атам өзінің Қаракесек екенін, оның ішінде, Шаншар тармағынан тарайтынын айтып отыратын. Бірақ ол кісінің қалың шаншарлар мекен еткен Қарқаралы жағына, оның Егіндібұлақ аймағына барғанын өмірі көрген емеспін. Кейін есейген соң әкемнен сұраған едім, ол кісі неге бұлай болғанын білмейтінін айтты. Қазір ол жақта ешқандай тұсымыз жоқ...

Сөйтіп, орта мектептен соң Қарағанды политикалық институтына түсіп, оның өнеркәсіптік-азаматтық құрылыс факультетін

ойдағдай бітірген жас жігіт Қабығалиды «Қарағандыпрострой» тресінің темір-бетон бұйымдары зауытына жолдама береді. Мұнда ол әуелде шебер болып бастап, бригадир, цех бастығы қызметтерін абыроймен атқарады. Одан соң №2 құрылыс басқармасында прораб, аға прораб, «Қарағандықөмір» ӨБ-нің Күрделі құрылыс басқармасының бастығы қызметтерінде болады. Әрбір адам өзінің азаматтық көзқарасын өндірісте анықтайды, болашағына жол ашады. Бұдан соң сол кездегі билік басындағылар кеңес органдарында қызмет атқаруды ұсынды. Сөйтіп, өмірінің жиырмашақты жылы Киров, Октябрь аудандарында (қазір Әліхан Бөкейхан ауданы) басшылықта өтті. Одан соң Қарағанды қаласы әкімінің орынбасары болды.

Бұдан кейінгі он жыл бойы («Қарағандық-видшаш») РМҚК директоры, «Кар-метан» ЖШС бас инженері) мемлекеттік кәсіпорындарда басшылық қызмет атқарды. Өзінің қызметін атқара жүргенде Қарағанды қалалық мәслихатының депутаты болып сайланып, III, IV, V шақырылымда мәслихаттың хатшылығы қызметін атқарды. Сол кезде ол қала депутаттар корпусын басқара отырып, халық қалаулысы ретінде сайлаушылар арасында талай игілікті жұмыстарды жүзеге асырды. Тұрақты комиссиялар қосандық жоспарлар жасайды. Сол жоспарлар бойынша жергілікті жерлерге шығу тәжірибеге айналды. Көбіне денсаулық сақтау, білім беру, құрылыс, еңбекпен қамту салалары ешқашан назардан тыс қалып көрген емес. Ол жерлердегі жағдайлармен танысады, егер кемшіліктер анықталған болса, оларды түзетуге арналған ұсыныстар жасайды. Бұл депутаттардың атқарушы биліктен тығыз қарым-қатынаста қызмет атқаратындығын көрсетеді. Сол сияқты коммуналдық саланы, электр желісін, сумен қамтамасыз етудің инженерлік желілерін жаңғырту, еңбекпен қамту бағдарламалары лайықты дәрежеде жүзеге асырылды.

Осындай лайықты еңбегі үшін Қабығали Оспанов «Құрмет» орденімен, «Шахтер даңқы» белгісінің үш бірдей дәрежесімен, тағы басқа да көптеген мерейтойлық медальдармен марапатталды, «Белсенді қызметі үшін», «Көмір өнеркәсібінің Құрметті қызметкері», «Құрметті құрылысшы» төсбелгілеріне ие болды.

Қабығали Нұрғалиұлымен әңгімелескенде ол өзінің мұндай жетістіктерге ие болуына алдында ұлт болған ағаларының, қаламызға белгілі азаматтардың қосқан үлесінің зор екендігін жасырмайды. Солардың ішінен «Қарағандық» бірлестігінде Әлеуметтік сала жөніндегі директор Нариман Оспанұлы Төлеповті ерекше айтар еді. Ол кісінің салмақтылығына, мәселені ешкімге жалтақтамай, өз бетімен шешіп тастайтын батылдығына тәнті болады. Сол сияқты Қарағанды халқы ғана емес, бүкіл Қазақстан білетін (Парламент Мәжілісінің депутаты болған) Шаймерден Оразалиновты аузынан тастамайды. Аудан әкімінің жұмысы кешкі сағат онысы өмірі бітпейді. Бірде жұмысынан ерте-

• БӨРЕКЕЛДІ!

Қарағанды спортшылары қара үзді

Балқаш қаласында өткен «Арай-2024» XVII облыстық спартакиадаға мәреге жетті. Онда аймағымыздың өңірінен келген үздіктер бірнеше спорт түрі бойынша сынға түсті.

Атап айтсақ, Балқаш, Қарағанды, Приозерск, Саран, Теміртау және Шахтинск қалаларының қатысушылары волейбол, шағын футбол, асық ату, бес асық, армстреллинг, пауэрлифтинг, президенттік көксайыс, шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ, жеңіл атлетика, қазақ күресі және үстел теннисі сынды 12 спорт түрі бойынша шеберлігін ортаға салды.

Тартысқа толы спорттық белдесулер екі күн бойы бірнеше спорт алаңында өтті. Спартакиада әр түрлі жастағы және әлеуметтік топтағы 600-ге жуық спортшының басын біріктірді.

– Жарыс деңгейі жыл сайын көтеріліп келеді. Барлық команда мүшелері жоғары деңгейде өнер көрсетті. Бұл жарыстар 8-12 қыркүйек аралығында өтетін Дунисежүзілік көшпенділер ойындарының аясында ұйымдастырылды, – дейді спартакиаданың бас төрешісі Нұрлан Құрмашұлы.

Жарыс қорытындысы бойынша Қарағанды қаласынан барған команда алтын медальді еншілесі, Балқаш спортшыларына күміс жүлде нәсіп етті. Ал, металлургия қаласы Теміртаудан келген команда қола жүлдені қанағат тұтты.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер кубокпен, медальмен және Алғыс хатпен марапатталды.

Аталған спартакиаданың жалауы келесі жылы Саран қаласында желбірейді.

Өз тілімізден

рөк келіп, тамағын ішіп жатса, үйдегі телефон шылдайды. Ол кезде қазірдей сотқа жоқ. Көтерсе, қала басшысы Шәкең екен. Ұрысатын шығар деп ойлаған. Бірақ ол кісі: «Сенің анау 15-ші орамында жарықтың жоқтығына екі сағат болды. Разберись», – дейді байыппен ғана. Қабекен Николай Александрович Дрижді де қатты құрметтейді. Ол кісі өмір бойы «жас жігіт» (молодой человек) деп атап, әрқашан ақылын айтып отыратындығы еске алады. Бір жолы ауруханада бір бөлмеде жатады. Сонда әуі ауырды жүрсе де, кітаптардан конспект жасаудан бір танбаған екен. Бірлестікте Серғазы Баймұхамбетовтің де ағалық ақылы өте пайдалы болыпты. Ол кісі көп сөйлегенді ұнатпайды екен. Нақты тапсырма береді де, нақты жауап күтеді. Шахта директорлары болған Жомарт Аманбаевтың да, Жолымбет Мұхамеджановтың да үлгі естерлік істері көп болған. Сол кезде білімді, еңбек тәжірибесі мол, ұлағатты істері ауыз толтырып айтарлықтай адамдардың көп болғандығын, солардан үлгі алғандығын мағмулрлана айтып отырады.

Қабекен әкесі Нұрғалидың ең үлкені. Нүрекең кезінде тұрғын үй-коммуналдық бөлімде қарапайым шебер болған. Құрылыспен айналысады. «Спецшахтомонтаж дегазация» басқармасында жабықтық бөлімін басқарған. Мінезі қысық болғанымен, жұртшылықпен жақсы тіл табыса білетін, еңбекті адал атқарған адам болған екен. Балаларының барлығына жоғары білім берген. Ол кісінің екінші баласы Жұмабек де ҚарПТИ-дың өндірістік-құрылыс факультетін бітіріп, осында оқытушы болады. Техника ғылымдарының кандидаты. Одан соң Сембек ҚарПТИ-дың автомобиль факультетін бітірген, автобастығы болды. Ең келешегі Асқар да осы оқу орнын бітіріп, кен мастеры болған. Кейіннен кәсіпкерлікпен айналысып кетіпті.

Қабығали Нұрғалиұлының өзінде үш бала бар. Барлығы жоғары білімді. Үлкендері – Самат. Кәсіпкер. VII сайланған Қарағанды қалалық мәслихатының депутаты болды. Қанат – заңгер. Саранда қызмет істеді, прокурордың орынбасары болды. Бұл күнде бизнесте жүр. Кішілері – Нұрлан экономист. Коммерцбанкте қызмет етті. Қазір «Қазақмыс» корпорациясында қаржы жөніндегі директор болып істейді.

Міне, осындай отбасының басшысы, Қарағанды қаласында туып, осында қаламен бірге өсіп-жетілген, өз қаласының өркендеуіне өзіндік үлесін қосқан Қабығали Нұрғалиұлы Оспанов бүгінде 75 жасқа толып отыр. Өткен өмір жолына көз жүгіртіп қабап, осындай белселе айтулы еңбегімен жеткен Қабекенге ұзақ ғұмыр тілейміз, жары Маралмен қатар ғұмыр кешіп, бақитты өмірлерін жалғастыра берулеріне тілектестігімізді білдіреміз.

Сүйіндік ЖАНЫСБАЙ,
жазушы,
Қазақстанның Мәдениет қайраткері, ҚР ақпарат саласының үздігі
№305



АЛТЫ ҚҰРЛЫҚТЫҢ аламанына айналғалы тұр



Түбі бір түркі тілдес мемлекеттерден бөлек, Еуропа елдерін қосқанда 89 мемлекет қатысқалы отырған V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары басталғалы тұр. Алыс-жақын шетелден келетін қатысушылардың алды Астанаға ат басын тіреді. Қырғыз ағайындар ұлы аламанға қатысар жүйріктерін күнібұрын Қазақстанға әкеліп, жергілікті климатқа үйретіп жатыр. Атағы Алатау асқан күлік барша қырғыз мақтанышы «Қарақызы» да біздің елде бәйгеге бапталып дайын тұр. Тіпті, америкалық көкпар командасының көкпарға дайындықтарының өзі алты құрлық асып, желіде қызу талқыға түскені мәлім.



Суретте көкпардан АҚШ командасының мүшелері

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ел тарихы бойынша ұлттық спорт ұйытқысы ретінде ұлттық спорт түрлерінен ұлы дода өткізгелі отырған елімізде дайындық жан-жақты. Күні кеше Павлодар қаласында бәйгеден өткен іріктеуде еліміздің ең мақтаулы жүйріктері сыңға түсіп, ұлы аламанда өзге елдермен бақ сынасар тұлпарларды анықтады. Атап айтсақ, «Талхиз», «Желқара», «Жұмыр-тұяқ», «Гасыр», «Мой мир», «Сарыарқа» сынды аламан алдынан көрініп жүрген күліктер іріктелді. Бұл жүйріктер V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарында 25 шақырымдық аламанға қатысады. Ал, 11 шақырымдық құнан бәйгесіне елімізден «Найза», «Айшуақ», «Қамысқулақ» сынды құнандар қатыспақ. Барлығы Қазақстан намысын 40 ат қорғайды. Расында, бәйгеге байланысты ел ішінде тұр-

лі жорамал мен болжамдар да жоқ емес. Бірі 25 шақырымдық аламан алдынан қырғыздың атақты «Қарақызы келеді» десе, енді бірі қазақтың «Талхизі озады» дейді. Қос күліктің де тұқымы таза қан ағылшын жылқыларынан тараса да, баптары бөлек болса керек. Атбегілердің айтуынша, құнанында бұл қос тұлпар Ақшиде өткен Д.Қонаевтың асында сыңға түсіп, бар қазаққа бақ болған «Талхиз» озған көрінеді. Бүгінде сыншылар сараптамасы мүлтік кетпеуі керек дейді «Талхиздің» иесі Әділет Омаров.

– Қазіргі таңда шетелдік бәйгеге қатысуға 10 шақты федерациядан өтініштер келіп түсті. Олардың арасында Моңғолия, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Әзірбайжан және Ресейден ат баптаған атбегілер ағылуда. Десек те, бәйгеге әр елден тек үш аттан ғана қатыса алады. Бұл – V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарындағы ортақ ереже, – дейді республи-

калық «Бәйге федерациясының» вице-президенті Жомарт Сайболатов.

Сонымен қатар, Жомарт Сайболатовтың айтуынша, баптаулы аты жоқ елдер аламанға ат қосамын десе қазақтың қорасындағы жараулы атты жалға алуларына болатын көрінеді. Тек оған өз шабандоздарын отырғызуы керек. Алайда, көп ел арасынан бәйгеге қазаққа әзірге қырғыз елі ғана қарымды қарсылас. Олардың қырғыз-қазаққа аты мәлім «Қарақызы» мен «Береке» атты тұлпарын білмейтін ел жоқтың қасы.

Бұдан бөлек көкпарға да дайындық қарқынды. Осыған орай Астана қаласында республикалық командалар арасында пысықтау сайысы өтті. Әзірге «Астана», «Әулиеата» командаларының бәсі басым. Бұл додада да тақымы сірі қарсылас қырғыз ағайындар болмақ. Десек те, көкпарға қатыспаққа ниет білдіріп, жүздеген дөмеленген елдер қаншама?! Со-

ның бір – АҚШ.

Америкалық көкпаршы Ник Уиллерттің көкпар сайысына дайындығы әлеуметтік желіде көптең назарын аударды. Көкпаршы дайындық барысында серкеңі орнына тір тасын пайдаланып, ал жылқыны қолдан жасалған ағаш атқа алмастырған. Видео 150 мыңнан астам қаралым жинап, бірнеше елдің көкпаршыларының ыстық ықыласын алды. Желі қолданушылары көкпаршыны қолдап, сәттілік тіледі.

Айта кетейік, Ник Уиллерт – көкпардан АҚШ құрамасының мүшесі, V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарында көкпар және аударыспақ спорты бойынша бақ сынамақ. Сонымен қатар, Уиллерт көкпардан басқа шаңғы, серфинг және MMA спортымен шұғылданады.

– 2018 жылы АҚШ құрамасының қатарында көкпар спортына және ат үстіндегі күреске қатысқан алғашқы америкалық болдым. Өз басым Дүниежүзілік көшпенділер ойындарында кәсіби спортшылармен бәсекеге түсу мүмкіндігіне ие болғанымға өте қуаныштымын. Міне, менің Қазақстанға барсам деген арманым орындалмақ. Талай уақыттан бері бұл мекенге саяхаттауды жоспарлап едім. Осы мүмкіндік үшін Қазақстан еліне алғыс айтқым келеді. Өрине, көпшілік АҚШ спортшыларын көкпар мен ат үстіндегі күресте оңай қарсылас санауы мүмкін. Бірақ, біз бар мүмкіншілігімізді көрсетіп, деңгейіміздің өскенін дәлелдей аламыз деп ойлаймын, – деді америкалық көкпаршы Ник Уиллерт.

Америкалық көкпаршы бұған дейін 2018 жылғы Дүниежүзілік көшпенділер ойындарында және 2020 жылы «Көкбөрі» чемпионатында өнер көрсетіп үлгерген.

Еске сала кетейік, Республикалық «Көкпар» федерациясы Қазақстан Республикасы Ұлттық спорт қауымдастығының құрамына кіреді. Қауымдастық құрамында бұдан өзге «Садақ ату», «Теңге ілу», «Аударыспақ», «Жамбы ату», «Құсбегілік», «Асық ату», «JORYQ» ат спорты түрлері шоғырланған. Өлем назарынан тыс қалмас V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарында барлығы 21 спорт түрін 97 медаль жиынтығы сарапқа салынады.

Еркіннің ептілігімен келген күміс



Қазақстандық паралимпиадашы, құралайды көзге атқан мерген Еркін Габбасов 2024 жылғы Парижде өтіп жатқан жазғы Паралимпиада ойындарының ақтық сынында сайысып, күміс медальға ие болды.



Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

R1 санатында винтовкамен 10 метрге пара нысана көздеуден сыңға түскен жерлесіміз жалпы есепте алтыншы орында тұрған еді. Алайда, Еркін Габбасовтың көздегені мүлтік кетпей, ақтық сыңға жолдама иеленді. Ойын басталғалы ол қоржынына барлығы 619,5 ұпай жинады. Ал, ақтық сыңада Еркін Габбасов 247,3 ұпай жинап, жалпы есепте II орынды жеңіп алды. Десек те, қазақстандық мерген шешуші сәтте қазіргі әлемдік рекорд иегері, кәріс спортшысы Пак Джинхоға жол берді. Чемпионның нәтижесі – 249,4 ұпай. Бұл – жаңа Паралимпиада рекорды. Сайыстың қола жүлдесі дат спортшысы Мартин Блэк Юргенсенге бұйырды. 2024 жылғы

Париж ойындарында Еркін Габбасов Қазақстан құрамына алғашқы медальды салды.

Сонымен қатар, әйелдер арасында тартысқа түскен Севда Әлиева SH1 санатында 10 метрге пневматикалық тапаншадан нысана көздеуде XIII орынға ие болды. Ал, пара жеңіл атлетика нәтижесіне сай қазақстандық Гүлбақыт Қайыржанова найза лақтыруда V орынға тұрақтады.

Волейболды отырып ойнаудан Қазақстан ұлттық құрамасы топтық кезеңдегі екінші матчын Паралимпиаданың үш дүркін жеңімпазы, Токиода қола алған Босния және Герцеговина құрамасымен өткізген еді. Ойынның алғашқы минуттарында ширақ ойнағандымен шешуші сәтте 2:3 есебімен жеңіліп қалды.

• ФУТБОЛ

«Жеңіс» пен «Шахтер» жеңіссіз тарқады

Қазақстан Премьер-лигасының 19-туры аясында қарағандылық «Шахтер» футбол клубы өз алаңында астаналық «Жеңіс» командасын қабылдады. Ойын 0:0 есебімен аяқталып, қос команда өзара ұпай бөлісті.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Биылғы Премьер-лигада әзірге екі команданың да жағдайы мәз емес. Жерлестеріміз он үшінші орында. Қоржында тоғыз ұпай. Ал, «Жеңіс» қарағандылықтардан 10 ұпаймен бір-ақ саты жоғарыға жайғасты. Доп додасының ең соңғы сатысында қалған команда келесі маусымда төменгі лигада өнер көрсететінін атап өткен жөн.

Жексенбі күні өткен ойынға тоқталатын болсақ, ойын өте сылбыр басталып, соңына дейін нәтижесіз шабуылдармен өтті. Қапталдан әуелгі берілген пастар көп болды. Бірақ, қос команданың бойшаң шабуылшылары пасты сәтті пайдалана алмады.

Сәтсіз ойынға қатысты «Шахтер» футбол клубының бас бапкері Андрей Финюченко пікір білдірді.

– Премьер-лигадағы жағдайымыз нашар екенін білемін. Сол себепті де, ойыншыларға бұл өте маңызды ойын екенін айттым. Содан шығар, алаңдағыларға психологиялық салмақ түсіп кетті. Ойын жүрмей қойды. Сырт көзге көрініп тұрды. Дегенмен, қолдан келгенін бәрін жасадық. Допты бақылауда ұстауға тырыстық. Алдыңғы шептегі шабуылшылар өздеріне берілген мүмкіндікті пайдаланбады, – деді Андрей Финюченко.

Премьер-лиганың 20-туры аясында «Шахтер» «Тұран» командасымен ойнау үшін Түркістанға қонаққа барады.



Сурет шық. Лерекөкпен

• ТУРНИР

Шаршы тақта шеберлері анықталмақ

Қарағандыда Армения, Ресей, Үндістан, Швеция, Украина, Польша, Монғолия, Испания және Қазақстанның мықты шеберлерінің қатысуымен шахматтан халықаралық турнир өтуде.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Гроссмейстерлердің классикалық шахматтағы жарысы 4 қыркүйекке дейін жалғасады. Турнирдің жалпы жүлде қоры – алты миллион теңге.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, барлық шахмат біріншіліктері санаттарға бөлінеді. «С» тобындағы санатқа континенттер чемпиондары кіреді. Халықаралық жарыстар аясында әртүрлі жастағы әуесқойлар көрнекті гроссмейстерлермен ойнайтын турнирлер де өтеді.

Турнирдің ашылу салтанатында қонақтар мен қатысушыларды Қарағанды облысы әкімі аппаратының басшысы Ерлан Ғалиев құттықтап, спорттың осы түрімен



айналысатын жастарды қолдаудың маңыздылығын атап өтті.

Қазақстан шахмат федерациясының вице-президенті Александр Бабенко турнир құрамаларды Дүниежүзілік шахмат олимпиадасында өнер көрсетуге дайындаудың соңғы кезеңі екенін атады.

– Турнирде ерлер мен әйелдер бөлек жарысады. Федерация үнемі

Азия және Өлем чемпионаттарын өткізеді. Бұл біздің спортшыларға, әсіресе балаларға өсуге мүмкіндік береді. Шахмат зияткерлікті дамытады, – деді Александр Бабенко.

Айта кеткен жөн, әйелдер арасындағы Masters Women турниріне бес тәжірибелі шетелдік қатысады. Олардың бірі – Армениядан келген халықаралық гроссмейстер

Элина Даниелян.

– Бұл менің Қазақстанға алғаш сапарым емес. Шақыруға қуана келістім. Қазақстан шахматта, әсіресе әйелдер шахматында өте қарқынды дамып келеді. Жетістіктерді қадағалап отырамын, – деп атап өтті Элина Даниелян.

Суретті түсірген **Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ**

ORTALYQ QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Сауатқа Ақпарат» ЖШС

Директор –
Қайрат Жүнісұлы
ӘБІЛДА
Директордың орынбасары –
Оксана Вячеславовна
МЯГКИХ

Бас редактор –
Е.К. МУСАБЕК
Бас редактордың орынбасары –
К.А. АЙТЖАН
Сайт редакторы –
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы –
Ж.Қ. ШАЛҚАР

Телефондар:
Бас редактор: 43-35-37
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Призерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген (R)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VP00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімжан Ермеков көшесі, №33 үй.

Электрондық пошта: ortalayk.kz@gmail.com; ortalayk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalayk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесі
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KZJWBKZKX БИН 000840001412

Таралымы 4 185

№ 98 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арқ» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сатбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Ерік НАРЫН**